Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 7 (1218)

21.02.2025

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

ҚАЗАҚША САУАТТЫЛЫҚТЫ НЕ БҰЗДЫ?

ҚАЗАҚТЫҢ САУАТТЫЛЫҒЫНА ҚЫЗЫҚ УАҚЫТ КЕЛДІ. ОЛ УАҚЫТТЫҢ АТЫ – ҒАЛАМТОР, ЯҒНИ ОЗЫҚ БАЙЛАНЫС ТЕХНОЛОГИЯСЫ. БІЛГІМІЗ КЕЛГЕН, КӨРГІМІЗ КЕЛГЕННІҢ БӘРІН ҮЙДЕ ОТЫРЫП-АҚ БІЛЕМІЗ, КӨРЕМІЗ. ӘРҚАЙСЫМЫЗДЫҢ ҚОЛЫМЫЗДА ДӨҢГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕНІ КӨРСЕТЕТІН ҚҰРАЛ – СМАРТФОН, ПЛАНШЕТ, НОУТБУК, КОМПЬЮТЕР...

Айтқымыз келгені озық технология емес, өзіміздің санамыздағы өзгерістер. Біздің тіліміздің сауатсыздануы. Жаңа озық технологияға «үлес» қосып жатқан қазақ сөздерінің бұрмалануы. Айталық, WatsApp – та жаңа сөздер пайда болды. Олар қандай сөздер? Оқыңыз.

- Норм. Не істеп? Не істеватсың? Жатырық. Отырық. Таңқалғанды білдіретін «Вау»... барат-келет, тебет (барады, келеді, тебеді), кдрп – қыдырып, мсқ – мысық, раха – рахмет, см – сәлем, сб – сау бол, бош - болшы, жесть! – эмоцияны білдіретін сөз, «токсик»-төңірегін жақтырмайтын адам, тағы-тағылар. Көп ондай сөздер. Қысқарған сөздердің жаңа, әлеуметтік желідегі түрі деп айтуға болады.

Осылай жазу қалыптасып кетсе сауатсыздықпен қалай күресуге болады? Қалай жазылса, солай сөйлей бастайды ғой жастар. Бұлай кете берсе қазақтың сөзі,яғни, қазақтың тілінен де айырыламыз ғой.

Білікті сарапшылардың ақылына сүйенсек, мұндай сауатсыздықпен күресудің бірден-бір жолы газет-журналдар немесе кітап оқу дейді. Балалар мен жастар басылымдары жоқ емес, бар. Бірақ оларды көбі оқымайды. Неге? Өйткені әлеуметтік желілер бар санамызды жаулап алды. Байланыс жеңілдеді. Депутаттардың сөзімен айтсақ, қазіргі ұрпақтың «емізігі – Тик-Ток, бесік жыры – Инстаграмм». Ол желіден жастар не көреді? Бойлары мен саналарына не сіңіреді? Қандай тәрбие алады, егер ашып қалған беттерде буллинг, порнография, суицид жасаудың түрлері, есірткі жарнамасы тағы да басқа әсіре қызықтар көрсетіліп жатса? Мұның бәрі өсер ұрпақ тәрбиесіне қандай ықпал ететінін біліп-сезіп тұрсақ та амал жоқ, әр баланың қолына бір-бір смартфонды ұстатып қоямыз. Уақыт талабы дейміз... Ондай «ойыншығы» жоқ бала өзін өзгеден кем көретін жағдайға жеттік. Алайда ол трубканың - смартфонның балаға психологиялық, әлеуметтік, тіпті физиологиялық кері әсері барын біз – үлкендер ескереміз бе?

Кейбір елдерде әлеуметтік желілерге шектеу бар екен. Мысалы, Ресейде, Өзбекстанда, Тәжікстанда шектеу қойылған, ал Тик-токтың отаны саналатын Қытайда ол желіні онға келмеген балаға балама желі ашқан. Индия тыйым салған.

Тик-Токка тыйым салу туралы немесе балалардың жас мөлшерін шектеу туралы мәселе көтерілгелі біршама уақыт болса да оған түпкілікті жауап беріп жатқан Үкімет жоқ.

«Өзі – бір күндік, сөзі – мың күндік» болатын газет түсінген адамға ақпараттың қайнар көзі және таусылмас құнды қазына. Сондай-ақ, халықты сауаттандырып, көзін ашатын ақпарат құралы. Әсіресе, қазіргідей қазақы сөздің қаймағы бұзылып бара жатқан заманда газет оқу өте қажет. Бұл туралы таяуда белгілі журналист Нұрислам Құспанғали өзінің «Фейсбук» парақшасында «Біз тілді сақтауымыз керек! Бұлай кете берсек, қазақтың сөз өнері тұрмақ, сөйлеуінен айырылып қаламыз» деп мәселе көтерді.

Расымен де, қазір әлеуметтік желіде «Нестепватсын?», «Не хауар?», «Норм» деген сынды қате жазудан көз сүрінеді. Көз сүрінген былай тұрсын, дәл осылай жазу әдетке айналып бара жатқандай. Ал, тұрақты түрде газет оқып, рухани сусындап отырған адам бұлай қате жазбайды. Себебі, бір мақала газетке шыққанша бірнеше сүзгіден өтеді. Әр мақаланың үтір, нүктесінен бастап, сөйлемнің дұрыс құралуы, сөздің дұрыс жазылуы, оның газет бетіне орналасуы – бәрі де тексерістен өтіп, оқырманға ең дұрыс нұсқасы жол тартады. Ал, оны оқыған оқырман өмірде де, әлеуметтік желіде де сауатты болары хақ.

Танымал журналист Нұртөре Жүсіп бір сұхбатында «Газетке деген немқұрайлылық тек Қазақстанда ғана өріс алып отыр. Әлемнің кез келген озық мемлекетінде қағаз түріндегі басылымдар тұрақты шығуда. Технология жағынан дамыған Жапонияның өзінде күніге екі рет – таңертең және кешке 9 миллион тиражбен шығатын газеттер бар. Сол Жапония неге жауып тастамайды газеттерін? Бәрі смартфон арқылы оқи бермей ме? Жоқ! Дамыған елдерде газет оқу мәдениеті қалыптасқан. Олар содан айырылғысы келмейді» деген болатын.

Расымен де, қазір сонау Америкада, мына тұрған Түркияда ай, апта емес күн сайын миллиондаған тиражбен газет шығады және олар оқылады. Бұл елдердің қарқынды түрде дамып, өркендеп жатуының құпиясы да осы жерде жатуы мүмкін. Өйткені, газет бар жерде сауаттылық әрі білім мен ғылым болады. Ал, ғылымы бар елдер міндетті түрде дамиды.

Баян ТАҢАТАРОВА

БАЙҚАУ

АТАЛАР ЖЕҢІСІ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

«Алатау» газеті 2025 жылдың ақпан айынан бастап 30 сәуірге дейін 1941-1945 жылдардағы соғыстағы Жеңістің 80 жылдығына арнап Жетісу облысының мектеп оқушылары арасында шығармашылық байқау жариялайды.

Байқау шарты :

1. Жауынгер аталар туралы жазылған шығарма көлемі А-4 форматы бойынша 3 беттен аспауы керек.
2. Шығарма кейіпкерінің суреті. Кейінгі жылдардағы сурет болса да жарайды.
3. Автордың суреті мен мекен-жайы
4. Суреттер мен шығарманы мына электронды поштаға салуға болады **alatau.offset@mail.ru**
5. Немесе **8-776-970-07-18, 8-771-465-13-13** телефондарының ватсабына жіберуге болады.

Байқау қорытындысы мамырдың алғашқы күндері қорытындалып, жеңімпаздар белгіленеді. Атаңыздың аты өшпесін, қатысыңыз!

БАСПАСӨЗ - 2025

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу басталды

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 4212 теңге.
қала және ауыл тұрғындары үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 5272,80 теңге.
заңды тұлға үшін
1 жылға – 8344,96 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 4212 тенге.
для городского и сельского населения через "Казпочту"
на год – 5272,80 тенге.
для юридического лица
на год – 8344,96 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тиісті заңға қол қойды. Енді мемлекеттік наградалар жүйесіне (бұрыннан бар 6 құрметті атаққа) 9 жаңа құрметті атақ енгізілді. Атап айтқанда, ғалымдар мен өнертапқыштарға, инженерлерге, сәулетшілерге және құрылысшыларға, кеншілер мен шахтерлерге, геологтарға, өнеркәсіп, көлік, ауыл және су шаруашылығы саласының қызметкерлеріне берілетін құрметті атақтар қосылды. Қажырлы еңбектің мемлекеттік деңгейде бағалануы барша кәсіп иесіне ерекше шабыт береді және еңбек адамының беделін одан әрі көтеруге септігін тигізеді.

* * *

ҰБТ қалай өтті? Қаңтардағы ҰТО мәліметінше, тестілеуді 164 мыңға жуық адам тапсырды. Оның ішінде: талапкерлердің 70%-ға жуығы шекті балл жинады; орташа балл – 66 балл; ең жоғары балл – 139 балл; ерекше білім беру қажеттілігі бар 392 талапкер қатысты. Ереже бұзғаны үшін 197 адамның нәтижелері жойылды: смартфон, шпаргалка және басқа да тыйым салынған заттарды алып өту әрекеті салдарынан 101 талапкер тест тапсыру мүмкіндігінен айырылды; тестілеу кезінде ережелерді бұзғаны үшін аудиториядан 96 адам шығарылды.

* * *

СИМ картасы шектеледі. «Алаяқтықпен күресу үшін бір жеке тұлға тіркелген тек 10 SIM-карта пайдалана алады. Осы ретте SIM-карталарды пайдалану мақсаттарын растайтын құжатты байланыс операторына ұсынған жағдайда, олардың санын көбейтуге рұқсат етіледі», – делінген хабарламада.

Құқық қорғау органдарының ұсынысына сәйкес, заң жобасы аясында жұмыс тобында SIM-карталарды тіркеудің тәсілдерін кеңейту мүмкіндігі қарастырылып жатыр.

* * *

Орта білім саласына бөлінген қаржы 3 есе өскен, ал нәтиже... 2019 жылы 1,3 трлн. қаржы бөлінсе, 2024 жылы ол 4,8 трлн-ға жеткен. Жалпы мемлекеттік аудит барысында 1,1 млрд. теңге сомасына қаржылық мәселелер; 62,4 млрд. теңгеге қаражат пен ресурстарды тиімсіз жоспарлау; 3,2 млрд. теңгені тиімсіз пайдалану анықталған. Оқулықтардың сапасын сараптау мен бақылауда 5 жыл ішінде бағалау өлшемшарттары 12 рет өзгерген, бұл орнықты бағалау жүйесінің жоқ екенін көрсетеді. Елде мемлекеттік мектептерді қоса алғанда, 66 мектеп лицензиясыз жұмыс істейді. Аттестаттаудан сәтті өту пайызы төмен, бұл білім беру мекемелерінде таралған жүйелі проблемаларды дәлелдейді. Мектептердің тек 18,2%-ы аттестаттаудан бір дегеннен өте алады. Соңғы 5 жылда оқулықтарды қайта қарау салдарынан экономикалық шығындар 16 млрд. теңгеден асқан.

* * *

Қазақстан-Орта Азиядағы білім сапасын бағалау бойынша аккредиттациядан өткен жалғыз ел атанды.

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингін бағалаудың ұлттық құралы RCEC халықаралық сапа белгісін алды, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі.

ББЖМ ұлттық құралының халықаралық аккредитациядан өтуі оның сенімділігін, шынайылығын және халықаралық сапа стандарттарына сәйкестігін растайды. ББЖМ-нің барлық кезеңдері мен процедуралары PISA, TIMSS және PIRLS сияқты белгілі зерттеулерде қолданылатын ғылыми тәсілдерге негізделген.

* * *

Өткен жылы Жетісу облысының жұмыспен қамту органдарының қолдауымен 35 жасқа дейінгі 7 695 жас жұмысқа орналастырылды. Солардың арасында қысқа мерзімдік кәсіптік оқытудан өтіп, жұмысқа тұрған, грант алып, кәсіп ашқан жастар да бар.

Жастар арасынан қоғамдық жұмыстарға 1 322 адам, жастар практикасына 1 150 түлек, әлеуметтік жұмыс орындарына 125 адам, «Алғашқы жұмыс орны» бойынша 575 адам, «Ұрпақтар келісім-шартымен» 31 адам жұмысқа тұрғызылған. Бұдан бөлек, грант алғандар да, «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытылғандар да бар.

* * *

Талдықорған қаласында білім беру саласындағы ашықтықты арттыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету мақсатында «E-zhetysu QR» жүйесі іске қосылды. Алдағы уақытта жоба Жетісу облысының барлық аумағында кеңейтілетін болады.

Бұл жүйе білім беру ұйымдарында балалардың келуін есепке алу үшін арналған. Қазіргі уақытта ол қаладағы мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын 16 мемлекеттік және 48 жеке меншік балабақшаға енгізілді. Сонымен қатар, жүйенің функционалын кеңейту аясында мектепке дейінгі мекемелерде тамақтану есебін автоматтандыру жоспарлануда.

* * *

Қазіргі таңда облыста 2,3 миллионнан астам мал бар, оның 500 мың басқа жуығы мүйізді ірі қара, 1,6 млн. бас ұсақ мүйізді мал, 200 мыңнан астам бас жылқы. Олардың барлығы «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру деректер қоры» мемлекеттік ақпараттық жүйесінде тіркелген. Жалпы облыс көлемінде ветеринария саласына көп көңіл бөлініп келеді. Мәселен, соңғы екі жарым жылда өңірде 49 ветеринарлық пункт пен 1 ветстанция салынды. Биыл тағы 20 осындай нысан салынады деп жоспарланып отыр. Оған қоса осы салаға цифрландыру кеңінен енгізіліп, қолданылуда.

* * *

Қазақстан бойынша алғаш рет жаппай көкпардан Қазақстан кубогы Жетісу жерінде сарапқа салынды. Шабандоздар шыңдалатын дүбірлі додаға еліміздің әр өңірінен іріктелген 300-ге жуық кіл мықтылар қатысты. Көпшіліктің қызығына айналған бәсекенің нәтижесінде 170 ұпаймен киелі Түркістанның шабандоздары алтын тұғырға көтеріліп, автокөліктің иегерлері атанды. Шырайлы Шымкенттің жігіттері 50 ұпаймен II орынға орнығып, 1.400 мың теңге ақшалай сыйлыққа ие болды. Жетісулық шабандоздар 20 ұпаймен үздік үштікті түйіндеп, 800 мың теңге ақшалай сыйлықпен марапатталды. Айта кетсек, әр салымға ақшалай сыйлық және 10 тай берілді.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ҰЛЫҚТАУ ЖОЛЫНДА

Жетісу облысында айтыс пен жыр-терме өнерін дәріптейтін семинардың басталуы ұлттық мәдениетімізді жаңғырту мен дамыту жолында үлкен қадам болып табылады.

Семинардың алғашқы кезеңі 12 ақпан күні Алакөл ауданында өтті. Бұл шараның негізгі мақсаты – халқымыздың сан ғасырлар бойы жинақтаған мәдени мұрасы, атап айтқанда, айтыс пен жыр-терме өнерінің қоғамдағы орнын кеңінен талқылап, оны қазіргі заманда жаңа деңгейде көтеру. Семинарға аудандық және ауылдық мәдениет үйлерінің директорлары, көркемдік жетекшілері мен әдіскерлерлі қатысып, ұлттық өнердің болашағын қалай қалыптастыру керектігі жайында пікір алмасты.

Шараға қатысқан Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Жетісу облысының бас ақыны Айтақын Бұлғақов, ҚР Мәдениет саласының үздігі, жыршы-термеші Ләззат Жанаманова мен ҚР Мәдениет саласының үздігі, ақын әрі Қазақстан Жазушылар одағының Жетісу облысындағы өкілі Жангелді Немеребай да өнердің заманауи бағытта дамуы жөнінде пікірлерін ортаға салды. Олар дәстүрлі өнердің тек қана мәдени құндылық емес, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды құралы екені туралы сөз қозғады. Әсіресе, Айтақын Бұлғақов ұлттық өнерді сақтап, жаңғыртудың маңызды екенін ерекше атап өтті.

Жалпы алғанда, бұл семинар ұлттық өнерді дәріптеуге бағытталған маңызды шараның бірі. Семинар 26 ақпанға дейін Жетісу облысының бірнеше ауданында өтеді. Келесі кезең Сарқан ауданында өтеді.

Назерке НАБИКЕНОВА
Алакөл ауданы

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ЖАЛТАРҒАНМЕН - ЖАУАПКЕРШІЛІК АЛЫНБАЙДЫ!

Қазіргі қоғамда алимент төлеу мәселесі отбасылық қатынастардың маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Алимент – бұл ерлі-зайыптылардың бірі немесе ата-анасы өзін немесе балаларын өз бетінше қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда екіншісіне беруге міндетті қаржылық қолдау. Алимент төлеу отбасының материалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету және оның мүшелерін қорғау мақсатында, әсіресе, отбасылық қатынастарда ажырасу және келіспеушілік туындаған жағдайда «құдаланады».

Көптеген елде әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін реттейтін заңнамалар бар. Онда әдетте төлем сомасы, оны төлеу тәсілі және оны жүзеге асырудың негіздері мен шарттары көрсетіледі. Ал Қазақстанда азаматтардың құқықтық міндеттері «Неке және отбасы туралы» кодексте көрсетілген. Аталмыш Кодекске сәйкес сот белгілеген сома жалақыдан, қосымша төлемдер мен үстеме ақылардан, сыйақылардан, өтемақы төлемдерінен, пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақылардан, комиссиялық сыйақылардан (брокерлерден, сақтандыру агенттерінен), азаматтық-құқықтық шарттар бойынша біржолғы сипатта емес төлемдерден, авторлық сыйақылардан ұсталуы мүмкін.

Тәжірибе көрсеткендей, алимент өндірудегі негізгі проблемалардың бірі бүгінгі күні борышкердің кірісін анықтаудың тиімді әдістерінің жоқтығы болып отыр. Егер борышкерде жұмыс болмаса және жұмыс іздеуге тырыспаса, онда алимент бойынша берешек республикалық орташа жалақы негізінде анықталады.

Кәмелетке толмаған балаларын асырау үшін алимент төлеуден жалтарған борышкерлерге қатысты атқарушылық құжаттың алимент өндіру туралы талаптарын орындауға бағытталған барынша қатаң шаралар қолданылады. Атқарушылық құжаттың талаптары толық орындалғанға дейін елден шығуға уақытша шектеу белгілеу, сондай-ақ лицензияларды, рұқсаттарды және арнайы құқықтарды беруге және қолдануға, оның ішінде көлік құралын басқару құқығына уақытша шектеу белгілеу де кіреді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 139-бабында ата-ананың кәмелетке толмаған балаларын асырауға арналған сот шешімі бойынша ақшалай қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерін үш айдан астам орындамағаны үшін қылмыстық жауаптылық көзделген және қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу немесе екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза белгіленген.

Әрине, тараптардың табыстарының икемділігін ғана емес, сонымен қатар отбасы мүшелерінің қажеттіліктерін, сондай-ақ басқа да факторларды қамтамасыз ететін жағдайлар өзгерген жағдайда төлемдердің мөлшері қайта қаралуы мүмкін. Алимент мөлшерін өзгерту үшін төлеу шарттарын қарау үшін сотқа қайта жүгіну керек болады.

Қалай болғанда да, алимент төлеу тек заңды міндет емес, жақын адамдарыңыздың алдындағы моральдық жауапкершілік екенін түсіну маңызды. Екі тарап та, алимент төлеуге міндеттілер де, алушылар да өздерінің құқықтары мен міндеттерін біліп, әділ шешімге ұмтылып, отбасындағы тұрақтылықты сақтаулары керек. Алимент төлеу бойынша міндеттемелерді орындау отбасылық қатынастарды нығайтуға және олардың барлық мүшелерінің мүдделерін қорғауға көмектеседі.

Ержан ХИЗАТОВ,
Жетісу облысы бойынша жеке сот орындаушысы

АНА ТІЛІҢ – АРЫҢ!

БҮГІН МЕН БОЛАШАҚТЫ БАЙЛАНЫСТЫРУШЫ ҚҰРАЛ

Бүгінгі таңда тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілі болып табылатын қазақ тілінің қолдану аясын кеңейте түсу үшін мемлекет тарапынан жүйелі түрде пәрменді шаралар қабылданып келеді. Демек, мемлекеттік тілдің мәртебесін асыра түсіп, қолданыс аясын арттыруға, оның қажеттілігін көбейтуге даңғыл жол ашылып отыр. Алайда, осындай мол мүмкіндіктерді пайдаланып, жүзеге асыруға атсалысу жолында орын алып отырған олқылықтар мен келеңсіз кемшіліктер қазақ тілінің қолданыс аясын барынша кеңейте түсуге қолбайлау болып отырғандығы да құпия емес.

Айталық, сотқа жүгінуші азаматтардың әрқайсысы мемлекеттік тілде жүргізілетін істердің көбеюіне өз үлестерін қоса алатынын еске сала кетсек артық болмас. Сот ісін жүргізу тілі заң талаптары бойынша сотқа талап арыз берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Демек, әркім өзінің конституциялық құқықтарын дұрыс пайдаланып, жақсы білетін ана тілінде, яғни, қазақ тілінде арызын беретін болса, соттағы іс сол тілде жүргізіледі. Ал, көбіне қарапайым адамдар заңгерлердің, полиция қызметкерлерінің жетектерініне еріп кетіп, меңгермеген тілінде толтырылған құжаттарға қол қоя беретіні құпия емес. Міне, осындай олқылықтардың орын алуына жол бермесе сот саласында қазақ тілінде өтетін істердің үлесі де арта түсер еді. Сонда соттарда мемлекеттік тілде қаралатын істердің саны арағұрлым көбейіп, істің ілгері басары даусыз.

Данышпан халқымыз өз тілін «ана тілі» деп жайдан жай айтпаған екен. Өйткені, сәби тілді тіптен анасының құрсағында жатып үйренеді деген тұжырым бар. Сондықтан анасы қай тілде сөйлеп, әңгімелесетін болса бала да сол тілді талбесікте жатып санасына сіңіріп, бойына дарытады. Жасыратыны жоқ, біздің аналарымыз орысша-қазақша шұбарлап сөйлеп, сәбиіне де тілді солай үйретеді. Осы орайда, «Отан отбасынан басталады» деген өнегелі нақыл да орынды айтылғанына көзіміз жете түседі. Өйткені, отбасы адам баласының әлеуметтік өмір мектебі болумен қатар, оның ұрпағымызды алғаш сөйлеуге үйрететін тілхана екені де баршаға аян. Шынтуайтқа келгенде, ұл-қыздарымыздың жалпы алғандағы тұтастай тәрбиесіндегі отбасының айрықша үлесін ешбір әлеуметтік орта бере алмайтыны анық. Бүгінгі тілдік кеңістіктегі негізгі кемшіліктер де көбіне отбасынан басталатынын әрқайсымыздың жадымызда жаттаулы болса нұр үстіне нұр болар еді. Сонда келешек ұрпағымыздың тәрбиесіне мән бере отырып, ана тілін меңгертуді де қалыс қалдырмайтын болар едік.

Осы жайында Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев *«Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. В.Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Меніңше, тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады. Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршіннің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады»*, - деп атап көрсеткен еді.

Дәурен БЕЛГІБАЕВ,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы.

ҚОРШАҒАН ОРТА

ТАБИҒАТТЫ БАҒАЛАЙЫҚ

Табиғатты бағалау қарапайым дүниеден басталады деп ойлаймын. Әрбір азамат табиғат алдында өзін жауапты, барлық жануарларды киелі санап, орман, өзен-көл жағалауларын таза ұстап, күл-қоқыс шашпауды жастайынан санасына сіңіріп, бойларын жақсылыққа үйреткені дұрыс.

Әрбір қоғам мүшесі табиғат құбылыстарымен, заңдылықтарымен таныс болуы керек. Экологиялық сауатсыздықты жою халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу маңызды мәселеге айналуы тиіс. Табиғатты бағалау, қорғау қарапайым дүниеден басталады, мәселен жас ұрпақты табиғатты бағалауға, тәрбиелеу балабақшадан басталады. Міне осы тұрғыдан барлық жеткіншекке экологиялық тәрбиемен білім беру - олардың дұрыс дүние тануын және көзқарасын қалыптастыруды қажет етеді.

«Табиғатсыз адамзаттың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» деп дана халқым айтқандай. Табиғатты қорғау, бағалау біздің басты міндетіміз. Сондықтан табиғаттың жанашыры болу әр адамның міндеті, борышы екенін біліп жүрейік.

А.Қ. УСЕНОВ,
Қапал орман шаруашылығы КММ-сінің Орман шебері

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

В ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ ОПРЕДЕЛЕНЫ ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ

С учетом поручений Президента страны в области Жетісу определены несколько основных направлений развития региона на этот год. Среди них переработка сельскохозяйственной продукции, развитие промышленного сектора, туризм, цифровизация. Об этом сообщил аким области Бейбит Исабаев в ходе развернутого интервью для областных СМИ в студии телеканала «Jetisy», - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

Отвечая на вопрос журналистов об итогах прошлого года и планах на текущий год, глава региона сообщил, что по исполнению краткосрочного экономического индикатора по итогам 2024 года область Жетісу по республике занимает 2-ое место.

Перечисляя выросшие объемы прошлого года Б.Исабаев отметил объем привлеченных в экономику области инвестиций,которые выросли в 1,4 раза, из них частных – в 1,7 раз. Глава области также поблагодарил жителей края за вклад в развитие области.

Кроме того, глава региона подчеркнул основные приоритетные направления развития экономики области.

В первую очередь будет усилена работа по переработке сельскохозяйственной продукции. С этой целью на данном этапе ведется работа с инвесторами по открытию птицефабрики и переработки кукурузы.

В рамках второго направления – развития промышленности необходимо создавать рабочие места с достойной заработной платой. Для этого в регионе будет реализован ряд новых промышленных проектов.

Третье – сфера туризма, для развития которой большие возможности открывают озера Алаколь, Балхаш, Жонгарский Алатау и в целом природные особенности края.

Задачи известны, планы известны.Теперь совместными усилиями над ним работаем, - резюмировал аким области Жетісу Бейбит Исабаев встречу с журналистами.

Фотограф: Жеңіс Ысқабай

В ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ ПОЛНОСТЬЮ «ОЦИФРОВАНО» ПОГОЛОВЬЕ СЕЛЬХОЗЖИВОТНЫХ

В области Жетісу поголовье скота превышает 2,3 миллиона. Среди них около 500 тыс. голов КРС, 1,6 млн. голов МРС и свыше 200 тыс. лошадей. Все поголовье зарегистрировано в государственной информационной системе «Электронная база данных идентификации сельскохозяйственных животных». В целом в регионе развитию ветеринарии уделяется особое внимание. В частности, за 2 последних года введено 49 новых ветеринарных пунктов и 1 ветстанция, а в этом году планируется построить еще 20 ветпунктов. Кроме того, для улучшения ветеринарного обслуживания в области активно внедряются цифровые технологии, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

Как сообщают в областном управлении ветеринарии, в регионе активно используются модули «VetLab», «ISZH-Mobile» по диагностике особо опасных заболеваний сельхозживотных, внедренных на веб-портале государственной информационной системы «Электронная база данных идентификации сельскохозяйственных животных» iszh.gov.kz. Всего на данном этапе в регионе зарегистрировано 34 763 владельца сельхозживотных, все они используют мобильное приложение «TortTulik».

Кроме того, для улучшения качества работы ветеринарных специалистов региона приняты меры по улучшению материально-технической базы. В частности, со дня создания области Жетісу приобретены 45 специальных автомашин, 217 компьютеров и 238 планшетов.

Между тем управлением цифровых технологий области Жетісу в электронную карту «Ситуационный центр области» включены захоронения сибирской язвы, скотомогильники и ветеринарные пункты, а в настоящее время на основании заключения межведомственной комиссии в данную электронную карту включаются санитарно-защитные зоны скотомогильников.

Фотографии из архива пресс-службы акима области

БИОЛОГИЧЕСКАЯ ЗАЩИТА ТОМАТОВ ОТ ВРЕДИТЕЛЕЙ: ЭФФЕКТИВНОЕ РЕШЕНИЕ

В современном сельском хозяйстве борьба с вредителями остается одной из важнейших задач. Особенно это актуально для томатов, выращиваемых в закрытом грунте, которые подвержены нападению тепличной белокрылки, хлопковой совки, томатной моли, клещей и тли. Применение химических пестицидов часто приводит к накоплению вредных веществ в урожае, что снижает его качество и безопасность. Однако существует экологически чистая альтернатива – биологическая защита растений с использованием энтомофагов.

В нашем Казахский научно-исследовательский институт защиты и карантина растений имени Ж.Жиембаева активно проводится работы по массовому разведению биоагентов для борьбы с вредителями. Одним из наиболее эффективных является макролофус (Macrolophus nubilus H.S.) – хищный клоп, способный контролировать популяции белокрылки, тли, паутинного клеща и трипсов. Длина взрослой особи составляет 3-4 мм, тело удлиненное, зеленого цвета. Эти насекомые не только эффективно уничтожают вредителей, но и способствуют устойчивому развитию сельского хозяйства. Разведение макролофуса проводится на специальных растениях, на котором клоп откладывает свои яйца и проходит все стадии развития. Цикл развития включает пять нимфальных стадий и стадию имаго, а весь процесс занимает до 30 дней в зависимости от температуры. Одна самка за свою жизнь способна отложить до 80 яиц и уничтожить до 3500 яиц или 2500 личинок белокрылки. Взрослая особь ежедневно уничтожает около 30 яиц, 15 куколок или 5 имаго белокрылки. Применение макролофуса в тепличных хозяйствах позволяет снизить потери урожая, минимизировать использование химических препаратов и повысить качество продукции. Наш институт продолжает исследования и расширяет масштабы внедрения биологических агентов против вредителей закрытого грунта, делая сельское хозяйство более экологичным и безопасным.

Использование биологических агентов – это шаг к здоровому будущему, где защита растений осуществляется естественным путем, без вреда для человека и окружающей среды.

Жұмахмет Әсел Ақбергенқызы
Нурманов Бауыржан Батырханулы
ТОО «КазНИИЗиКР им. Ж.Жиембаева»

КАК НАРКОТИКИ РАЗРУШАЮТ ЗДОРОВЬЕ?

Наверняка найдется не так много людей, которые бы не слышали о вреде употребления наркотиков. Наркотики – это вещества, которые оказывают особое воздействие на весь организм человека, прежде всего на его психическое состояние, а при систематическом применении – привыкание и зависимость.

В данное время на смену «традиционным» наркотикам – производным конопли (марихуана, гашиш, смола каннабиса), опия и героина, кокаина, эфедрона пришли более опасные синтетические - альфа PVP (пирролидиновалерофенон), синтетические каннабиноиды, мефедрон, которые быстро пополнили наркорынок. Согласно данным Международного комитета ООН по контролю над наркотиками, ежегодно фиксируется более 20 новых видов психоактивных веществ. Интернет, при всех своих плюсах, стал удобной площадкой для наркодиллеров. Распространение синтетических наркотиков посредством интернет ресурсов стало большей проблемой не только в нашей стране, но и во всем мире. На сегодняшний день на территории страны отмечается увеличение оборота синтетических наркотиков, распространяемых посредством интернет ресурсов, приобрести их может любой подросток, умеющий пользоваться смартфоном.

Синтетические наркотики – это относительно недавнее изобретение, полученные искусственным путем психоактивные вещества, вызывающие психологическую и физическую зависимость, разрушающие нервную систему. Их получают двумя способами: синтезированием уже существующих наркотиков посредством изменения химической формулы и изготовления совершенно нового вещества. Они имеют разные названия и способы воздействия на организм. От остальных видов наркотиков их отличают относительная дешевизна и ярко выраженное психотропное действие. Они опасны тем, что уже после первого употребления вызывают привыкание, а их наркотическое и психотропное воздействие приводит к необратимым процессам в организме человека, то есть поражают головной мозг, пагубно влияют на центральную нервную систему и внутренние органы. Восстановить здоровье полностью после «синтетики» невозможно. Среди синтетических наркотиков нет безопасных и безобидных.

Как они разрушают жизнь и здоровье, можно описывать очень долго. Но суть в одном – все наркотики постепенно разрушают психику и организм, неизбежно ведя наркомана к инвалидности и смерти.

БЕСКЕНОВА А.Н.
главный эксперт ЛСЭ по области Жетісу

КОРОТКО ОБО ВСЕМ

В области Жетысу планируют построить третий сахарный завод, ведутся переговоры с инвесторами. Благодаря этому объем переработки сладкого корнеплода в регионе дойдет до 1 млн тонн, сказал глава региона Бейбит Исабаев в развернутом интервью для областных СМИ в студии телеканала Jetisy.

* * *

К 80-летию Великой Победы при поддержке акима области, управления культуры, архивов и документации области Жетісу готовится сборник «Жетісулықтардың жеңіс тарихы». Планируется выпустить более 1000 экземпляров книги. Об этом стало известно на информационной площадке Региональной службы коммуникаций.

* * *

В городе Талдыкорган запущена система «E-zhetysu QR», направленная на повышение прозрачности и снижение коррупционных рисков в сфере образования. В дальнейшем проект будет масштабирован на всю область Жетісу.

Для обеспечения прозрачности финансирования и целевого использования бюджетных средств система интегрируется с финансовым центром в соответствии с приказом Министерства просвещения РК № 372. Это позволит усовершенствовать процессы постановки на очередь, зачисления детей в дошкольные учреждения и размещения государственного образовательного заказа. Также согласно этому приказу, в области Жетісу с марта текущего года планируется переход к ваучерному финансированию.

* * *

В области Жетісу к концу 2025 годауровень газификации достигнет 71,4% населения,

уровень которого на данном этапе составляет 56,5%, газифицировано 63 населенных пункта. А по итогам текущего года уровеньгазификации составит уже 71,4% населения благодаря реализации еще 63проектов. Таким образом, доступ к газу получат 126 населенных пунктов снаселением свыше 500 тыс. жителей.

* * *

Ждём новый Казахгейт?

Президент США Дональд Трамп подписал указ, требующий от Минюста прекратить преследование американских компаний и бизнесменов за дачу взяток иностранным чиновникам. Ранее это запрещал закон FCPA. То есть, если раньше FCPA запрещал давать взятки казахстанским чиновникам, чтобы получить выгодные контракты, лицензии или разрешения, то теперь новый указ Трампа меняет такое положение. В Казахстане работают многие американские компании, особенно в нефтегазовом секторе (Chevron, ExxonMobil и др.), финансах, строительстве и IT. Если США начнут реже применять FCPA, это теоретически может привести к росту коррупционных сделок.

* * *

Генерал-майор из Алматинской области отправлен в отставку. Соответствующий указ об увольнении уже подписал президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев. Алексей Калайчиди имеет звание генерал-майора полиции. В администрации президента работает с 2008 года. Трудовой путь в Акорде начал с должности инспектора. В 2016 году стал заведующим отделом правоохранительной системы. Отметим, в минувшие выходные казахстанцев возмутило видео, снятое в СИЗО, где подозреваемые по делу об убийстве Шерзата Полата пышно отмечали день рождения. ДП Алматинской области сообщили, что руководство изолятора привлекут к ответственности.

* * *

Национальный Олимпийский комитет Казахстана получил официальное приглашение на зимние Олимпийские игры 2026 года, которые пройдут в итальянских городах Милан и Кортина-д'Ампеццо. Казахстанские спортсмены выступают на зимних Олимпийских играх, начиная с 1994 года, когда страна впервые приняла участие в Играх как независимое государство. За этот период нашими атлетами завоевано восемь медалей. Среди них одно "золото", три "серебра" и четыре "бронзы". Олимпиада-2026 пройдет с 6 по 22 февраля.

* * *

Депутат Мажилиса Николай Арсютин заявил министру внутренних дел Ержану Саденову, что в стране необходимо смягчить наказание за вождение в нетрезвом виде. Он заявил, что лишение водительских прав на 7 лет является самым суровым наказанием в мире. Мажилис объявил, что из-за этого наказания курьеры и водители такси теряют работу и источник дохода. С момента введения этой статьи к ответственности были привлечены более 200 000 человек. В Германии, Франции, США и России предусмотрены более мягкие наказания.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕРЛІККЕ ТОЛЫ ҒҰМЫР

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗІНДЕ ҚОЛЫНА ҚАРУ АЛЫП, ТУҒАН ЖЕРІН ЖАУДАН ҚОРҒАҒАН МАЙДАНГЕРЛЕРДІҢ ЕРЛІГІ – МӘҢГІЛІК ТАРИХТЫҢ БЕТІНДЕ АЛТЫН ӘРІПТЕРМЕН ЖАЗУЛЫ. СОЛАРДЫҢ БІРІ – ЖҰМАТАЙ ЖАҚСЫБАЕВ. ОЛ ЕЛ БАСЫНА КҮН ТУҒАН ШАҚТА ҚОЛЫНА ҚАРУ АЛЫП, МАЙДАН ДАЛАСЫНДА ЖАУҒА ҚАРСЫ СОҒЫСЫП, БЕЙБІТ ӨМІРДЕ ТУҒАН ЖЕРІН ГҮЛДЕНДІРУГЕ АЯНБАЙ ЕҢБЕК ЕТКЕН ЖАН. ЕГЕР ТІРІ БОЛҒАНДА, БИЫЛ 100 ЖАСҚА ТОЛАР ЕДІ.

Жұматай Жақсыбаев 1925 жылы Талдықорған облысы, Куйбышев ауылында дүниеге келген. Өмірдің ауыртпалығын ерте сезінген ол еңбекқор болып өсті. Алайда елге қауіп төнген шақта соғысқа аттанған. Ақпан айында әскерге шақырылып, алты ай Полковая мектепте оқып, әскери дайындықтан өтті.

Кейіннен Мәскеу мен Ижевек қалалары үшін болған шайқастарға қатысып, 34-армияның 319-дивизиясы құрамында ұрысқа түсті. Прибалтийский 2, Кенигсберг, Ленинград қалаларына шабуыл жасалғанда қызу майданға қатысып ерен ерлік көрсетті. Кеңес әскері үшін аса маңызды саналатын бұл қалаларды жаудан азат ету кезінде Жұматай Жақсыбаев майдан даласында жанқиярлықпен соғысып, қатарластарына үлгі болды.

Соғыстың сұрапыл күндері аяқталған соң, 1945 жылдың қарашасында туған ауылына оралды. Бірақ майдангер үшін бейбіт өмір де күреспен өтті. Ол елдің еңсесін тіктеу үшін ауыл шаруашылығына белсене араласты.

1954 жылы тың игеру науқанына қатысып, Целиноград облысының Рассвет ауылында еңбек етті. Осы еңбегі үшін ол «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталды.

Жұматай Жақсыбаевтың ерлігі мен еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланды. Ол көптеген марапаттарға ие болды, олардың қатарында:

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске арналған медальдар:

1. 1954 жылы Целиноград облысының Рассвет ауылында тың игеруге қатысып, «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталған.

2. Кейін Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай Көксу ауданының Құрметті азаматы атағын алған.

3. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1975 жылғы 25 сәуірдегі Жарлығы бойынша «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 30 жылдығы» медалімен марапатталған.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 951 Жарлығы бойынша «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталған.

5. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1965 жылғы 7 мамырдағы Жарлығы бойынша «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 20 жылдығы» медалімен марапатталған.

6. 1967 жылғы 26 желтоқсанда «КСРО Қарулы Күштерінің 50 жылдығы» медалімен марапатталған.

7. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығына орай «1941-1945 ж.ж. соғыс ардагері» белгісі тапсырылды.

8. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1985 жылғы 12 сәуірдегі Жарлығы бойынша «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығы» медалімен марапатталған.

9. Украина Президентінің 2004 жылғы 17 қыркүйектегі Жарлығы бойынша медальмен марапатталған.

10. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының атынан «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталған (1957 жылғы 15 қараша).

11. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1958 жылғы 8 қыркүйектегі Жарлығы бойынша «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған.

12. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1965 жылғы 7 мамырдағы Жарлығы бойынша «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 20 жылдығы» медалімен марапатталған.

13. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1988 жылғы 28 қаңтардағы Жарлығы бойынша «КСРО Қарулы Күштерінің 70 жылдығы» медалімен марапатталған.

14. Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі №1439 Жарлығы бойынша «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталған.

15. «Жауынгердің айбыны үшін» медалімен марапатталған.

16. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттері басшылары кеңесінің 1995 жылғы 26 мамырдағы шешімі бойынша Маршал Жуков атындағы медальмен марапатталған.

Сондай-ақ Көксу ауданының құрметті азаматы атанды. Бұл марапаттар – оның ерен еңбегінің, қайсар рухының, елге деген адалдығының айғағы.

Жұматай Жақсыбаев өмірінің соңына дейін ел ішінде құрметке ие болды. Өнегелі өмір сүріп, кейінгі ұрпаққа үлгі бола білді. Жастары оған құрмет көрсетіп, ерлік жолын насихаттады. Ол өз өмірінде көп нәрсені бастан кешті. Соғыстың зұлматын, елдің жаңаруын, тәуелсіздіктің таңы атқанын көрді.

2011 жылы 7 шілдеде 87 жасында өмірден озды. Бірақ оның есімі мен ерлігі халық жадынан өшпек емес.

Жұматай Жақсыбаев – тарих беттерінде есімі алтын әріппен жазылған тұлғалардың бірі. Ол – Отан үшін жанын аямай күрескен майдангер, бейбіт өмірде ел игілігі үшін еңбек еткен азамат. Оның ерлік жолы – кейінгі ұрпақ үшін үлкен үлгі. Соғыс жылдарындағы батырлығы мен бейбіт өмірдегі еңбегі оны туған халқының жүрегінде мәңгі сақтайды. Біз мұндай кісілерді ұмытпауымыз керек.

Ғалым Сабитұлы,
оқушы.
Талдықорған қаласы

СҰРАҚ - ЖАУАП

1. Біз Ұлы отан соғысында кім үшін және не үшін соғыстық? Орыстар үшін соғыстық па, әлде өзіміз үшін бе?

2. Соғысты ұмытқан дұрыс па, әлде оны мәңгі есте сақтауымыз керек пе?

3. Бұрын әскерге шақыру кезінде денсаулық жағдайы ескерілетін, ал қазір денсаулығына қарамастан әскерге алып кете береді. Бұл дұрыс па?

4. Әскерге денсаулығы жарамсыз азаматтарды шақыру неліктен орын алып отыр?

1. Ербол, 68 жаста, тарихшы

– Біз бұл соғыста тек орыстар үшін емес, өз жеріміз, отбасымыз, болашағымыз үшін соғыстық. Фашистер жеңсе, қазақ халқының тағдыры мүлде басқа болар еді. Сондықтан соғыстың маңызын түсіну керек. Оны ешқашан ұмытпауымыз керек, себебі тарихтан сабақ алмасақ, қателікті қайталаймыз. Ал денсаулығы жарамсыз жігіттерді әскерге алу – мемлекеттің әлсіздігі. Олар ел қорғай ала ма? Әскери қызмет мықты азаматтарға жүктелуі тиіс.

2. Бекжан, 30 жаста, қала тұрғыны

– Бұл соғыста қазақ халқы басқыншыларға қарсы өз жерін қорғады. Біздің аталарымыз батырлық көрсетті, біз оны ұмытпауымыз керек. Бірақ соғысты дәріптеп, тек соғыс арқылы ғана ұлттың мықтылығын дәлелдейміз деуге болмайды. Ал денсаулыққа қарамастан әскерге алу - дұрыс емес. Әскерде физикалық тұрғыдан дайын, психологиялық тұрғыдан мықты азаматтар болуы керек.

3. Аяжан, 22 жаста, студент

– Қазақтар бұл соғыста әділет үшін күресті. Сондықтан біз өзіміз үшін соғыстық деп есептеймін. Ал әскерге шақыру мәселесі әділетсіз жүріп жатыр. Денсаулығы нашар жігіттерге әскери өмір қиын.

4. Қанат, 56 жаста, қала тұрғыны

– Соғыс – халқымыздың қайғысы мен жеңісі қатар жүрген кезең. Біз оны ешқашан ұмытпауымыз керек. Бірақ соғысты насихаттап, соғысқа құмар ету дұрыс емес. Ал әскерге шақыру мәселесі бүгінгі таңда үлкен сұрақ туындатып отыр. Денсаулығы жарамсыз адамдарды әскерге алу – бұл қате.

5. Мұрат, 19 жаста, студент

– Меніңше, біз өз жеріміз, отбасымыз, болашағымыз үшін күрестік. Соғысты ұмытпау керек. Ал әскерге кез келген адамды алып кету, оның денсаулығына қарамау әрине дұрыс емес.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АТАЛАРДЫҢ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ӘЗІЛ ӘҢГІМЕЛЕРІ

23 АҚПАН - КЕҢЕС ӘСКЕРІ МЕН ТЕҢІЗ СОҒЫС ФЛОТЫНЫҢ КҮНІ. ҰМЫТПАСАҚ, СОЛ МЕРЕКЕ ОСЫЛАЙ АТАЛУШЫ ЕДІ... «ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК» ДЕП АТАЛҒАН СОҒЫСТЫ АЙБЫНДЫ КЕҢЕС АРМИЯСЫНЫҢ «ҰЛЫ ЖЕҢІСПЕН» АЯҚТАҒАНЫНА, МІНЕ, 80 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР. «ПӘЛЕН, ПӘШТҮГЕН, ОЛ БІЗДІҢ МЕРЕКЕ ЕМЕС» ДЕГЕНІМІЗБЕН, 23-АҚПАНДЫ «СОВЕТАРМИЯСЫ КҮНІ» ДЕП, «ҚАРТ СОЛДАТ» - БІЗДЕРДІ ЕСКІ МЕРЕКЕМЕН ҚҰРДАСТАРЫМЫЗ, ТІПТІ БАЛАЛАРЫМЫЗ ДА ЖЫЛ САЙЫН ҚҰТТЫҚТАП ЖАТАДЫ. МҰНЫҢ БӘРІ-БІЗДІҢ ӨТКЕН ТАРИХЫМЫЗ. «КЕШЕГІСІЗ БҮГІН ЖОҚ» ДЕМЕКШІ, ОЛ ДА ЖӨН ШЫҒАР. ҚҰДАЙЫМ БІЗДЕРДІ МЕРЕКЕЛЕРМЕН ҚҰТТЫҚТАУДАН АЙЫРМАСЫН...

Ғабдул-Сәбит ЮСУПОВ

Біз - соғыстан соңғы ұрпақтар өкілі, бала кезімізде сол соғысқа қатысып, жеңіспен оралған ауылымыздағы кең пейіл совет жауынгерлерінің қолынан той - томалақтарда бір - жар шақпақ қант пен бірі - біріне клейше жабысып, әрең ажыратылатын домалақ кәмпит жеп өстік. Есесіне, олар да бізді көгалда күрестіріп қойып, «бәрекелді, міне жігіт» деп мақтап, қарқ-қарқ күліп отырушы еді. Ол аға, аталарымызға еркелеп, еркін болып өскеніміз сонша:

- Аға, соғыстағы ерліктеріңізді айтыңызшы» деп, қиыла өтінетінбіз.

-Жарайды, тыңдаңдар, айтып берейін - деп, соғыс салған

жарақаттары күндіз-түн мазалап жүрсе де, көңілімізді қимай, майдандағы ерліктерін жырдай етіп әңгімелеп береді. Енді солар айтқан әзіл - естеліктердің бірнешеуін алдарыңызға жайып салайын.

ҚЫРАМЫСЫҢ, ҚҰСАЙЫН...

Құсайын аға: -Бірде Украин майданында шабуылға шыққан жаумен бетпе-бет келдік. Олар еркінсіп кеткендері сонша, сап түзеп, құдасының үйіне қонаққа келе жатқандай ентелейді. Атайын десем, карабинімнің оғы бітіп қалыпты. «О, әкеңнің ауызын...» деп бір боқтадым да, саппен келе жатқан алдымдағы жауымды мылтықтың найзасымен шаншып алып, бірін оңға, бірін солға тоқтамастан лақтырып алға жылжып келем. Қаншасын қырғанымды кім санаған, дегенімен жүз шақты, әй одан да көп болар. Бір кезде оң жағымнан:

-Айн, цваин, драин. Қырамысың Құсайын! - деген діріл аралас дауыс саңқ ете қалды. Жалт қарасам немістің еңгезердей бір генералы. Ашудан булығып кетіп: «Қырмасын десең, тыныш жатқан елге соғыс ашып, нелерің бар еді» деп мылтық найзасымен шаншып тастауға ыңғайландым. Сол-ақ екен, байқұс генерал тағы да қазақшалап: «Құсайын аға, кешіріңіз. Қазақтар батыр болғанымен, кең, бауырмал халық қой. Енді соғыспаймыз!» деп, қос қолын жоғары көтерді. Қорыққаннан дірілдеп тұрған немістің қазақшаға судай екенін көрген мен оны өз жөніне қоя бердім. Сөйтсем, соғыста «әлдеқандай заман болады...» деген сақтықпен ол пәле генералың қазақша үйреніп алған екен. Қазір ғой, міне, елімізде тұрып жатқан неміс, кәріс, орыс түгіл, қазағымыздың өзінің ана сүтімен келген қазақ тілін менсінбей, орысша шүлдірлесіп жүргендері» - деген Құсайын ағам қарқ-қарқ күлкісінің соңын ашумен аяқтайтын...

ҚАЛТАМДА ОРДЕНІМ ТАУСЫЛЫП ҚАПТЫ...

Батырбай Болатбеков аға: - Соғыс алғаш басталған жылдары қару жоқ болғандықтан үш солдаттың қолына оғы жоқ бір мылтықұстатып қоятын. Бірақ, мылтықтың штыгын (найзасын) қару еткенбіз, үздіксіз шегінудің ара - арасында немістерге қарсы шабуылға да шығатынбыз. Сондай шабуылдың бірінде мен Қобыланды батырдың Тайбуырылы құсап алдымдағы немісті теуіп құлатып, оң жағымдағыны штыгыммен түйреп, сол жаққа, сол жағымдағыны түйреп оң жаққа лақтырып келе жатып, жау сапының арт жағына шығып кетіппін. Қарасам, алдымда бір неміс жоқ. Енді кері бұрыла салып, жаңағы қарқынмен өз әскерімізге қарай найзаммен жауды жапырып келе жатырмын. Бір кезде оң жағымнан: «молодец, Батырбай Болатбекович, батыр! Бәрін қыра берме, Бәке. Обал ғой, олар да бір атаның баласы, тұқымға да біраз неміс қалсын!» деп, таза қазақшалаған дауыс шықты. Жалт қарасам, Маршал Жуков тұр. Әрине, сіресіп, «смирно» тұра қалдым. Маршал арқамнан қағып: «Қалтамда «Совет одағының батыры» Ордені

таусылып қапты. Әзірге мына «Ерлігі үшін» медалін қанағат ете тұр» деп, жарқ-жұрқ еткен жап-жаңа медалді кеудеме тақты. Артынша:

«Совет одағының батыры» Орденін қатынасқан көп генералдардың бірінен беріп жіберермін!» деп, мені құшағына алып, самогон сасыған ауызымен бетімнен орыс рәсімі бойынша үш рет сүйді» деген Батырбай аға осы күнге шейін жап-жаңа күйінде сақталған солдатский кителінің өңіріндегі «Ерлігі үшін» медалін бізге көрсетіп жатыр. Таң қалып, қызыға қараған біз медалді кезектесе сипап көріп:

- Батыр аға, ол Орденді маршал Жуков сізге беріп жіберді ме, неге тағып жүрмейсіз?» деп, біз де тықақтап қоймаймыз.

- Ой, балақандарым-ай! Жеңіс сағатында немістің рейхстагына Қызыл Туды кім тіккенін білесіңдер ме?» - Ата қарсы сұрақ қояды.

- Жетісулық ағамыз Рахымжан Қошқарбаев – дейміз жамырасып.

- Дұрыс! Бірақ, сендер рейхстагқа Ту тіккен Қошқарбаев - дегенді тарихтан немесе газет - журналдардан оқыдыңдар ма?

- Жоқ, оқығанымыз жоқ - дейміз лақша жамырасып.

- Вот, вот! Қазаққа ондай атақты қия ма, Москва? Тарихқа Рахымжан ағаларың емес, Ту тігуге еш қатысы жоқ орыс Егоров пен Кантария деген грузиннің есімдері жазылды. Біздің қазақ батыр халық қой, көп ерлеріміздің есімдерін елеусіз қалдырды. Мысалы: Волокаламск тас жолында Москваға өңмеңдеген жауды аз ғана саны бар батальонымен тоқтатып, тарихи ерлік жасаған Бауыржан Момышұлы аталарыңа да ол атақты қимады емес пе? Сол сияқты, маған да ол Орденді берген жоқ...- деген атаның әңгімесінің соңында «қандай әділетсіздік» деп, біз кәдімгідей мұңайып қаламыз.

МОЙЫНЫМА ҚАЗАҚША «ҚАЗЫҚ БАУ» ШАЛДЫ

Ефрейтор Рымбек Оспанов ата: - «Бірде немістің әуе

шабылына ұшырадық. Мен дегенің сұмырай фашистерді «Максимка» пулеметіммен «та-та-латып» ілгерілеуіне дес бермей, баудай түсіріп жатқанмын. Жау басшылығы мені құртуға арнайы бомбардировщик самолетін жіберіпті. Тап төбе тұсымнан тасталған бомба, көрер жарығым бар екен, дәл тимей, тура қасыма түсіп, мені таудай топырақ басты да қалды. Ал дегенде есім ауып қалғаныммен, анау-мынауға өле қоятын қорқақ қазағың мен бе, арада он минут өтер-өтпес есімді жиып ала қойдым. Жал-жал топырақтан мойыным ғана қылтиып, көміліп жатқан мен көзіммен, дауысым шықпай қалғандықтан, жыбырлаған ерінімнің емеуірінімен анадайда тұрған «Т-40» танкісін көрсеттім. Өзім басқарған отделениемдегі, талай соғысты бастан өткеріп жүрген он екі солдатым білдірген ымды дереу түсіне қойып, танкіні «задний ходпен» шегіндірді. Содан соң танкінің буферіне білектей тросты тіркеп, екінші ұшын қылтиып жатқан мойыныма қазақшалап «қазықбау шалу» әдісімен байлады. Алып танк түтінін «бұрқ» еткізіп алға қарай жұлқып қалғанда, шаң – топырақ аспанға шашылып, үсті басым, бет-ауызым шаңнан көрінбей тұрған мен жер бетіне сопаң етіп шыға келдім.

Қарауымдағы жауынгерлерім жаппай: «Ура, командиріміз тірі» деп, құшақтарына алып, былғаныш бетімнен сүйіп жатыр. Жоғарғы басшылық сол жолғы ерлігім үшін маған «ефрейтор» деген шен беріп, батальон алдында Алғыс жариялады. Міне, бұл аталарың сондай көрнеу ажалдан аман қалғаны бар...

...Біз - балалар ауыздарымыз аңқиып, батыр ағамыз осы әңгімесін қайталап айтқан сайын, анау-мынау емес, танкінің жұлқығанына шыдап, «бық демеген» мықты мойынына таңырқай қарап қаламыз...

Міне, құрметті патша көңіл оқырман, осындай ерліктер жасап, жеңіске жеткізген әке, аталарымыздан үлгі алып, ширығып, шыныққып өскен соғыстан соңғы ұрпақ өкілдеріміз ғой... 23-ақпан - біздің тарихта қалған мерекеміз құтты болсын!

Айта кетейін, Қазақстан үшін Отан қорғаушылар күні 7 –мамыр болып есептеледі. Ол Қазақстан әскерінің күні. ТМД елдерінің көбісі өз әскерінің күнін белгілеп алса да, Ресей мен Белоруссия, Қырғызстан мен Тәжікстан, Абхазия мен Оңтүстік Осетия және Днестрлік Молдавия 23-ақпанды Отан қорғаушылар күні ретінде атап өтеді.

Ғабдул -Сәбит ЮСУПОВ,
жазушы-журналист
Алматы қаласы

Дүйсенбі - Понедельник, 24 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

«Хабар» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

АСТАНА

06.15, 17.00 Сериал «Место под солнцем»
09.00, 21.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
10.40 «Құрақ» телехикаясы
12.15, 23.20 «Осман-2» телехикаясы
15.00 Сериал «Бажа»
15.45 Сериал «Саке-2»
20.00 Astanatimes
22.20 «Адасқан сезім» телехикаясы
01.10 Сериал «Склифосовскии-9»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина» бағдарламасы
07.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан»
10.05 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 Многосерийный фильм
13.00 «Пусть говорят»
14.00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz-шоу» бағдарламасы
20.00 «Главные новости»
20.35 «Чужой среди своих»
00.30 Ночной кинотеатр. «Женское дело»
01.25 «Новости»
01.40 «Жаңалықтар»
01.55 Паутина
02.40 Басты жаңалықтар
03.05 Той базар

КТК

07.05 «Кел, шырқайық!»
08.05 «Қыл үстіндегі тағдыр-2»
10.00 «Парад юмора»
12.20 «Фото на недобрую память»
14.30 «Сашка», мелодрама.
17.30 «Реальная мистика»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Спасти веру», мелодрама.
23.50 «Золото-2»,
01.50 «Маруся», мелодрама
02.35 Өткен күндер-1
05.20 «Астарлы ақиқат»
06.05 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Абадан»
09.15 «Менің анам»
09.35 «Әсем әуен»
10.00 «Единый народ»
10.30 «Шашу»
11.10 «Шіркін-ай»
12.30 «Ұлт ұяты»
13.10 «Әсем әуен»
13.30 «Туынды тарихы»
13.45 «Жетісу әуендері»
14.00 «Өзекжарды»
14.30 «Арнайы репортаж»
14.50 «Тарихнама»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.35 «Шыңыраудан шыңға»
17.50 «Ұры бала»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Баспасөзге шолу»
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Бейкүнә қыз»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
06.30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
07.30 «TikTok show» ойын-сауық бағдарламасы
08.00 Мультсериал «Буба»
09.00 Мультсериал «Команда Мстители»
09.30 «Құйынды мекен» телехикаясы.
11.00 «Дубай любой ценой»
13.10 «Я- четвертый»
15.30 «Охотник на монстров»
17.40 «Ангелы чарли»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 «Костолом»
23.00 «Құйынды мекен»
01.30 «31 әзіл»
02.00 «Келіндер бәйгесі»
02.40 «Time Vine»
03.00 «TikTok show»
03.20 What's up
04.00 «Әзіл студио»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина
05.00 What's up?
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 Телехикая «Бастық боламын»
07.30 «Здоровье с Айнур Тажиной»
08.00, 17.00, 18.20 «Абысындар-2»
10.00, 20.00 сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 Сериал «Бесценное время»
12.55 Худ. фильм
15.00 Сериал
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
22.40 Телехикая «Сезім үшін»
23.30 «Қайырлы кеш, Қазақстан!»
00.50 Жаңалықтар
01.10 Новости
01.40 Телехикая «Тек қана қыздар»
02.30 Жайдарман
03.40 «Жеңіп көр»
04.40 «Қуырдақ»
05.50 Үзіліс

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Мөлдір Бұлақ» шаруа қожалығы жұртшылықты 2025 жылғы 3 наурызы мен 7 наурызы аралығында «Мөлдір Бұлақ» шаруа қожалығы үшін Жетісу облысы Кербұлақ ауданы, Басши а/о-да «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар өткізу туралы хабардар етеді. Учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 44°6'35,18» СШ, 78°29'31,32 ВД.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы - «Мөлдір Бұлақ» шаруа қожалығы Кербұлақ ауданы, Басши ауылы, Б/У көшесі, Б/Н үй. Тел. 8 778 513 8888, e-mail: edil.131@icloud.com.

Әзірлеуші: «Экология» ЖК, тел. 87773433466. Талдықорған қаласы, Назарбаев көшесі 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru. Жоба материалдарымен ecoportal.kz сайтында танысуға болады.

«Жетісу облысының табиғи ресурстар басқармасы» мемлекеттік мекемесі,

тел. 8 (7282) 32-92-67, 87771719039, e-mail:7su_expertiza@mail.ru, Талдықорған қ., көш. Қабанбай батыр, 26. LEB сайтына https://ecoportal.kz және бастамашының https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru сайтына сілтеме.

Ескертулер мен ұсыныстар ecoportal.kz сайтында қабылданады. «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және электрондық пошта: 7su_expertiza@mail.ru.

Сейсенбі - Вторник, 25 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

«Хабар» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

АСТАНА

06.15, 17.00 Сериал «Место под солнцем»
09.00, 21.00 «Қолымнан ұста»
10.40 «Құрақ» телехикаясы
12.15, 23.20 «Осман-2» телехикаясы
15.00 Сериал «Бажа»
15.45 Сериал «Саке-2»
20.00 Astanatimes
22.20 «Адасқан сезім» телехикаясы
01.10 Сериал «Склифосовскии-9»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «П@utina»
07.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.05 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 «Анатомия сердца»
13.00 «Пусть говорят»
14.00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz-шоу»
20.00 «Главные новости»
20.35 Фильм «Чужой среди своих»
00.30 Ночной кинотеатр
01.25 «Новости»
01.40 «Жаңалықтар»
01.55 «Паутина»
02.35 «Басты жаңалықтар»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Қыл үстіндегі тағдыр-2»
09.10 Вечерние новости (повтор)
09.50 «Вскрытие покажет»
12.00 «Спасти веру
14.20 «Сашка», мелодрама.
17.20 «Реальная мистика»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Спасти веру», мелодрама.
23.55 «Золото-2»
01.55 «Маруся», мелодрама
02.40 «Өткен күндер-1»
05.25 «Астарлы ақиқат
06.10 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Біз жанбасақ»
11.40 «Әсем әуен»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Аман болайық»/ тікелей эфир
13.10 «Әсем әуен»
13.30 «Баспасөзге шолу»
13.45 М/ф «Отырар дастаны»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Жетісу әуендері»
17.30 «Абадан»
17.50 «Жүргізуші»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Қатыгез келін»
19.30 «Біздің өңір»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
06.30 «31 әзіл»
06.50 Информбюро (рус., каз.)
08.00 Мультсериал «Буба»
09.00 Мультсериал «Команда Мстители»
09.30 «Құйынды мекен» телехикаясы.
11.00 «Әзіл студио»
11.20 «Хранитель времени»
14.10 «Спасти рядового Райана»
18.00 «Ангелы чарли-2»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 «Ночной рейс»
22.40 «Құйынды мекен» телехикаясы.
01.10 «31 әзіл»
02.00 «Келіндер бәйгесі»
02.40 «Time Vine»
03.00 «Tik Tok show»
03.20 «What's up?»
04.00 «Әзіл студио»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина
05.00 «What's up?»
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 Телехикая
07.10, 17.00, 18.20 Телехикая «Абысындар-2»
09.10, 00.50 Жаңалықтар
09.30, 01.10 Новости
10.00, 20.00 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 Сериал «Бесценное время»
12.55 Сериал «Вплену у прошлого»
15.00 Сериал
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
22.40 Телехикая «Сезім үшін»
23.30 «Қайырлы кеш, Қазақстан!»
01.40 Телехикая «Тойхана»
02.40 Жайдарман
03.40 «Жеңіп көр». Бағдарлама
04.30 «Қуырдақ»
05.50 Үзіліс

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Крестьянское хозяйство «Мөлдір Бұлақ» информирует общественность о проведении публичных обсуждений с 3 марта по 7 марта 2025г. по разделу «Охраны окружающей среды» для крестьянского хозяйства «Мөлдір Бұлақ» в Басшийском сельском округе Кербулакского района область Жетісу.

Географические координаты участка и территории воздействия: 44°6'35,18» СШ, 78°29'31,32 ВД.

Инициатор намечаемой деятельности - Крестьянское хозяйство «Мөлдір Бұлақ» Кербулакский район, с.Басши, ул.Б/У, д.Б/Н. тел.: 8 778 513 8888, e-mail: edil.131@icloud.com.

Разработчик: ИП «Экология», тел. 87773433466. г.Талдыкорган, ул.Назарбаева 120/50, e-mail: Afanasieva_olga@mail.ru.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ecoportal.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов области Жетісу», Тел.8(7282) 32-92-67, 87771719039,e-mail: 7su_expertiza@mail.ru, г.Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 26. Ссылка на сайт МИО https://ecoportal.kz и на сайте инициатора https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru.

Замечания и предложения принимаются на сайте: ecoportal.kz. в рубрике «Опубликованные слушания» и e-mail: 7su_expertiza@mail.ru

Сәрсенбі - Среда, 26 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

«Хабар» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

АСТАНА

Профилактика
17.00 Сериал «Место под солнцем»
20.00 Astanatimes
21.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
22.20 «Адасқан сезім» телехикаясы
23.20 «Осман-2» телехикаясы
01.10 Сериал «Склифосовскии-9»

ЕВРАЗИЯ

Уважаемые телезрители! Приносим извинения за перерыв в эфире до 17.00 в связи с профилактическими работами
17.00 «Qoslike» бағдарламасы
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz-шоу»
20.00 «Главные новости»
20.35 Фильм «Чужой среди своих»
00.30 Ночной кинотеатр
01.25 «Басты жаңалықтар»
01.50 «Koremiz-шоу»
02.35 «Той базар»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Қыл үстіндегі тағдыр-2»
09.10 Вечерние новости (повтор)
09.50 «Вскрытие покажет»
12.00 «Спасти веру»
14.20 «Сашка», мелодрама.
17.20 «Реальная мистика»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Спасти веру», мелодрама.
23.55 «Штурм»
01.55 «Маруся», мелодрама
02.40 «Өткен күндер-1»
05.25 «Астарлы ақиқат»
06.10 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» / тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 К/ф «Ұстаз»
13.00 «19 регион»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Әсем әуен»
14.30 «Біздің өңір»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ділмар»
17.00 «Менің анам»
17.15 «Әсем әуен»
17.50 «Жемқорлық»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Агро аймақ»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
06.30 «31 әзіл»
06.50 Информбюро (рус., каз.)
08.00 Мультсериал «Буба»
09.00 Мультсериал «Команда Мстители»
09.30 «Құйынды мекен»
11.00 «Әзіл студио»
11.30 «Күліп All»
11.50 «Костолом»
14.00 «Ночной реис»
15.50 «Проект а»
18.00 «Джуманджи»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 «Копы в глубоком запасе»
23.00 «Құйынды мекен»
01.30 «31 әзіл»
02.00 «Келіндер бәйгесі»
02.40 «Time Vine»
03.00 «Tik Tok show»
03.20 «What's up?»
04.00 «Әзіл студио»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина
05.00 «What's up?»
05.20 «Ризамын» масы

7 КАНАЛ

06.02 «Бастық боламын»
07.10, 17.00, 18.20 «Абысындар-2»
09.10.00.50 Жаңалықтар
09.30, 01.10 Новости
10.00, 20.00 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 Сериал «Бесценное время»
12.55 Сериал «В плену у прошлого»
15.00 Сериал
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
22.40 Телехикая «Сезім үшін»
23.30 «Қайырлы кеш, Қазақстан!»
01.40 Телехикая «Тойхана»
02.40 Жайдарман
03.40 «Жеңіп көр»
04.30 «Қуырдақ»
05.50 Үзіліс

Утерянный ИБР № 6008494 Азербайджан ИП «Столяров А» ИИН 751124302445, считать недействительным.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘДЕБИЕТ АЙДЫНЫ

ЖАЛАЙЫР ТАРИХЫНЫҢ СЫРЫ

Жалғасы. Басы өткен сандарда

Найман мен Жалайырдың осыдан мыңдаған жылдардан бері Тұраннан, Сарыарқа, Семей, Жетісу жерлерінде төскейде малы, төсекте басы қосылған қазір де көршілес тату-тәтті қыз берісіп, қыз алысқан тайпалар екендігін олардың үрім-бұтақтары атам заманнан бері аян.

Ал Көксу, Қаратал өңірінің тумасы Сейдахмет Қосжанұлы көпті көрген басы бар, тоқсаннан асқан жасы бар. Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, көкірегі қазынаға толы Жалайырдың аңыз, әрі абыз ақсақалдарының бірі. Өмірден көргені мен түйгені мол, ел мен жердің ағып тұрғаны білгір жалайыр шежірешісі атанған. Қарт қаламгер өзінің ұзақ жылдар бойы зердесіне тығып, көкірек сарайына жинақтаған ой-пікірін өзі шығарған тарихи-тағылымды көркем шығармаларында мол мұра қалдырған, соның біріне зер салайық: Абыз ата Сейдахмет Жалайыр мен Найман ру-тайпаларының қарым-қатынасын былай баяндайды: «... Үш жүздің балалары ішінде Жалайыр мен Найман руларының ежелден төскейде малы, төсекте бастары айырылып көрмеген. Сол дәстүр бойынша Алтын анамыз [Андас – Қалқа қызы] Найман елінің Матай баласы Қыдырәлі деп аталатын атаның бір жақсысына барады [тұрмысқа шығады]. (Шамамен Қалқабайдың әкесі не атасы болу керек...) – деген.

(Қосжанұлы С. Жиған-терген қазынам. Алматы, «Абзал-ай», 2013, 23 бет).

Абыз ақсақалдың келтірген дәлелі, ғасырдан-ғасырға жалғасып келген жалайыр мен наймандардың достығы, туыстығын дәлелдей беру артық болар.

Жалайыр тайпасы тек найманмен ғана туыс емес, олар кіші жүздің тамасы, қара үйсін, аңғар найманмен бөле туысқандығын қазақтың халық жазушысы Мұхтар Мағауин өзінің екі томдық «Аласапыран» тарихи диологиясында әдемі суреттеген.

Жалайыр туыстық жағынан қазақтың үш жүздерінің және қазақ жүздеріне кірмейтін ру- тайпалармен нағашы-жиен, құда-жекжат болып, өзара ұрпақтарының қандары араласып келетінін өмірдің өзі дәлелдегендей.

Туыстық тақырып «Жалайыр тарихынан» топтамасының «Жалайырдың саңлақтары мен жайсаңдары» деген кітапта арнайы «Қарға тамырлы қазақ» деген мақалада Жалайырдың әлемнің ұлт мен ұлыстары және қазақтың Үш жүзіне кіретін 43 қазақ ру-тайпаларымен туыстығы туралы көлемді сөз болмақ.

Төртінші, Мақажан Иманбекұлы Қаратау қ. Жамбыл облысының тұрғыны мынандай бір халық арасында тарап жүрген аңыз, алға тартады: Ұлы жүз ұрпағы Қатылдыр дегененің екі әйелі болыпты. Бәйбішесі Жұпар анадан 20, тоқалынан – 20 барлығы 40 бала өсіріпті. Бұл 40 баланы күтуші, қызметші ретінде – 100 жігіт ұстапты. Кейін «Жұпар тауын жайлаған 40 пен 100» деген ел өстіп тараған. Бұлар Бұқар, Самарқан жақтарында, сол себепті де қырық пен жүз елі деп атанған екен.

(Иманбекұлы М. Домалақ, Мырзабике және басқалар. «Ана тілі» 5 наурыз 1992 жыл).

Сөз орайы келіп тұрған соң бұған тағы қосарымыз Жұпар ана тауынан басқа да Өзбекстанның Самарқан қаласының жанында Жұпар ана сайы да болған екен.

Жоғарыда аталған Қатылдыр адам есімі жансақ жазылған немесе өзгерістерге ұшыраған Жалайыр болуы мүмкін. Алайда Жалайыр көлін қазір Қалайыр көлі, Қытай Халық Республикасында Жалайыр тауын Жайыр тауы т.б. жіктей берсек мұндай мысалдар көптеп кездеседі. Ал қырық пен жүз елі XX ғасырға дейінгі 92 баулы көшпелі өзбектің ішіндегі құрама ру-аталардың бірі, жалайыр екені анық. Себебі Жалайырлар қазіргі өзбектің Ташкент, Шыршық, Ангрен қазіргі Қарақалпақ аймақтарында шоғырланып өмір сүргені тарихи құжаттарда белгілі.

Бесінші, белгілі Жетісудың жазушысы, сыншы жалайыр - мырза атасының тумасы Ұзақбай Доспанбетов тарихи тақырыпқа қалам тартып жүрген қарымды жазушы, сыншы 20-ға жуық кітаптардың авторы. Оның «Қызыл жолбарыс» атты тарихи романы екі кітаптан тұрады. Романның бас кейіпкері 13 ата жалайырдың көсемі, биі, батыры Ескелді Жылкелдіұлы, Балпық Деріпсұлы, Қабан жырау (Қаблиса) Асанұлы т.б. тарихи тұлғалар және сол уақытта болған тарихи оқиғаларды ел аузында сақталған қыруар аңыздарды жинақтап, оқырман қауымға ұсынған екен. Жұпар бәйбіше туралы автордың жазғанына назар аударайық: «... Тоқтарқожа деген бір жігіт өмір сүріпті. Оның әкесі Сәйбек хан мен Жұпар ханым деген кісілер болыпты. Бұлар кезінде өз Жәнібек ханнан жер даулаған аузы дуалы, шешен адамдар екен. Өздерінің сайдың тасындай отыз ұл туыпты да, бір кезең дүрілдепақ күй кешіпті. Бірақ алланың жазуы әртүрлі ғой, кейде бастағы бақ көшпелі қаңбақ сияқты. Атадан балаға ауыса бере ме? Сәйбек хан мен Жұпар ханым өлісімен оның елін қалмақ шауып, отыз ұлдың өлгені өліп, біразы қолға түсіп, тек Қойшаға, Толымқожа, Тоқтарқожа атты үшеуі қалады. Қойшыға Қызай-Матайға кетіп, Толымқожа керейдегі Жәнтекей еліне сіңеді. Содан өсіп, Меркіт атанып, он екі ата Абақ Керейдің біріне айналады. Ал Тоқтарқожа Байыс бабамыздың қолына келіп, жылқысын бағыпты. Өзі ауа райын күні бұрын болжап есепші сәуегей екен... Байыс бабамыз қызы Мақтаны Тоқтарқожаға қосады, Мақта апайдан Байжігіт, Жанжігіт атты екі ұл туды. Кейін Тоқтарқожа Жанжігітті алып туған жеріне кетеді де, Байжігіт ермей қалады. Оны Байыс бабамыз «Қыздан туғанның қиығы жоқ» деп, өз бауырына басады. Біз сол Байжігіттен тараймыз. Ал ағайындар, бар әңгіме осы» - деп найман Сәдуақас Жалайыр Ескелді биге айтқан әңгімесі осылай тарқатылады.

(Доспанбетов У. Қызыл жолбарыс. Тарихи роман. Екінші кітап. Алматы, Жоғарғы аттестациялық комиссиясының баспа орталығы, 2000, 112-113 бет).

Ұзақбай қаламгердің жазған аңызынан түйетініміз:

1. Бұл оқиға Әз-Жәнібек хан тұсында болған оқиға.

2. Жұпар ханымның күйеуі Сәйбек хан аты өзгеріске ұшырамаса Жалайыр екендігі анық, себебі оның қалмақ ойранынан аман қалған 3 ұлының бірі Тоқтарқожа нағашысы найман Қызай-Матай еліне бас сауғалап баруды айқындай түседі.

3. Жоғарыда найман әулетінің тумалары, жазушылар Т.Қалилаханов пен К.Абдрахманов жазғандай Жалайырдың (Қабылан т.б.) бәйбішесі Жұпар бәйбіше найман қызы екенінді дәлелдеу артық болар.

4. Жұпар бәйбішенің отыз ұлы барлығын У.Доспанбет жазған, ал Қаратаулық М.Иманбекұлы «Жұпар анамызда 20 ұлы мен тоқалынан 20 ұл барлығы 40 ұл екен» - деп хаттаған. Қойылдыр мен Сәйбек хан балаларын айырмашылығы 10 ғана бала. Аналарының аты бір де әкелерінің аттары халық арасында әр түрлі себептермен, шежірешілердің айтуына байланысты өзгеріп кеткендігі айқын. Бұлардың әкелерінің шын аты Жалайыр (Қабылан).

5. Жұпар анамыздың үшінші ұлы Толымқожа бас сауғалап Керейдің Жәнтекей еліне сіңіп, он екі ата Абақ-Керейге айналса, тарихта белгілі және шежірелерде Абақ-Керей аталуының басқа да нұсқалары бар.

6. Жалайырдың қазіргі Орта жүздің ру-тайпаларының ішінде найман мен кереймен туыстығы, қандастығы өте жақындығы бұл тарихи құжаттарда жазылған. Ол туралы «Жалайыр тарихынан» топтама кітаптардың бірінде жазылмақ.

Қазақта: «Тектіден текті туады, тектілік жолын қуады» - деген мақал бар. Жалайырдың жеті серісінің бірі, ақын, сазгер, би-болыс, жомарт, қамқоршы Пышанның әкесі Жәлменді Байшағашұлының інісі Бимендінің ұлы шежіреші Сейітжапар XX ғасыдың 60-жылдары Қаратал ауданы Донши ауылында белгілі бір журналистке сұхбат бергенде Жетісу қазақтарының арасында тарап жүрген шежіреге, аңызға сүйеніп Жалайырдың өзі мен бәйбішесі туралы төмендегідей аңызды айтқан екен:

«... Анамыз Тоқал Толым, атамыздың аты Қабылан деген кісі екен. Асау айғырдың жалын ұстап отырып жібергендігінен «Жалайыр» атанып кетіпті» - деген әңгімені алға тартқан. *(«Жетісу» 21 қараша 2004 жыл)*

Әрине, бұл аңызда да жансақтық бар сияқты, қаратаулық М.Иманбекұлы Құйылдырдың (Жалайыр) бәйбішесінің атын Жұпар-ананың атын атап тоқалының есімін келтірмейді, ал қараталдық шежіреші Сәдуақас Бимендіұлы оны анық-қанық Тоқал Толым дейді. Жазушы У.Доспанбетов жалайыр Сәйбек ханмен Жұпар ананың қалмақ қырғыннан аман қалған отыз ұлының бірі Толымқожа.

Сонда қалай екінші анамыз Толым үш ұлының бірі Толымқожаның аты емес пе еді? Неге ұқсас, әлде аңызда шежірелердің айтылуында тағы да жансақтық кеткен бе?

Қорыта келгенде Жалайыр (Қабылан) бабамыздың бәйбішесі Жұпар ана, тоқалы Толым анадан қазіргі жер жүзінде бытырап, тарыдай шашырап жүрген Жалайырлардың екі анасы – Жұпар және Толым ана болғандығын айтпақпыз. Осы ұлы аналарымыздың мейірімі, қасиеті әруақтары бізді әрқашан да қолдап, демеп жебеп жүрсе демекпіз.

Аналар туралы әңгіме болғаннан кейін, сөз орайы келіп тұрған соң жалайыр тайпасынан шыққан екі қасиетті қастерлі әулие тарихта қомақты орын алған аналарымыз туралы қысқаша мағлұмат бергенді жөн көрдік.

Бірінші. Ізбике бәйбіше, ол кім? XV ғасырда өмір сүрген Ойсылдың Төбеке батыр баласынан Өтеп батыр одан Сырымбет туған. Сырымбет өз елінде беделді, текті, ауқатты адам болған. Сол Сырымбеттің бәйбішесі Ізбике Нан, Тола деген екі ұл тапқан, өте өнерлі адам болғандықтан қазақ хандығын құрушылардың бірі – хан Жәнібектің Ордасында киім тігетін ұстасы – алтын қайшылы тігінші (партной) болған. Күйеуі сіргелі Сырымбет хан жендеттерінің қолынан қаза табады. Алтын қайшылы Ізбике бәйбіше қырғынды естігенде ұлы Толыны өзінің төркіні Жалайыр еліне қашырып жібереді де, қолына екінші ұлы Нанды алып қалады. Кейін Наннан тараған ұрпақ – Сіргелі Қайшылы, Толыдан тараған ұрпақ – Жалайыр Қайшылы атанып кетеді – дейді шежірелерде, аңыз-қисаларда.

Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ,
("Жалайыр тарихы" кітабынан)

Жалғасы келесі санда

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БАЙБАЙ ТАС

Хикаят

1962 ЖЫЛЫ 5 АҚПАНДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ, ҚАРАТАЛ АУДАНЫ, ТАСТӨБЕ АУЫЛЫНДА ТУҒАН. ЖАМБЫЛ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІНДЕ ОҚЫП БІЛІМ АЛҒАН. ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ, МАМАНДЫҒЫ - ФИЛОЛОГ, АУДАНДЫҚ, ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕРДЕ ЕҢБЕК ЕТТІ. 1997 - 2010 ЖЫЛДАРЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАЛЫҚ ІШКІ ІСТЕР БАСҚАРМАСЫНДА ҚЫЗМЕТ АТҚАРҒАН. ҚАЛАМГЕРДІҢ ЖАЗҒАН ӘҢГІМЕЛЕРІ МЕН ЕРТЕГІЛЕРІ, АҢЫЗДАРЫ, ХИКАЯТТАРЫ, ҚИЯЛ - ҒАЖАЙЫП ӘҢГІМЕЛЕРІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ҰЛАН» ГАЗЕТІНДЕ, «БАЛДЫРҒАН» ЖУРНАЛЫНДА, «АҚ ЖЕЛКЕН» ЖУРНАЛДАРЫНДА, ӘҢГІМЕЛЕРІ МЕН ЕРТЕГІЛЕРІ МЕКТЕПТІҢ 2 -3-4 СЫНЫПТЫҢ «АНА ТІЛІ» ОҚУЛЫҚТАРЫНА ЕНГЕН. «БАЛАЛЫҚ АТТЫ БІР ЕЛ БАР» КІТАБЫ ЖАРЫҚ КӨРГЕН.

Мұрат Байділдаұлы

...Тастөбе өңіріне көктем мезгілі де келіп жетті. Жақын арада біз он жылдықты бітіріп, сүйікті мектебімізбен қоштаспақпыз. Жүрегіміз алып - ұшып, жатпай-тұрмай емтиханға дайындалып жүрміз. Сыңғырлаған соңғы күміс қоңырау үні... Мектеп қабырғасындағы сыңғырлаған күміс қоңырау үні жадымызда мәңгілік жатталып қалатын шығар. Бәрінен де бізді он жыл бойы білім нәрімен сусындатқан ұстаздарымызды қимаймыз... Бауыр басып қалғандықтан ба, бір қимастық бар... Енді аз күннен кейін үлкен өмірге қадам баспақпыз. Арасында қолым тигенде, үйдің ұсақ - түйек шаруасына көмектесіп жүрмін. Бір күні өрістен қызыл сиырымыз аяқасты үйге келмей қалды. Күнделікті жем жеп жүрген мекеніне өзі келетін еді. Бұзауы қорада ауыз жаппай мөңіреп тұр.

- Қап, бұзауына обал болды - ау, - деп өзіме - өзім кейідім. -

- Қарасан келгірдің сиыры, қайда жүр екен? - деп апам уайымдай берген соң, кітабымды жылы жауып қойып, қызыл сиырды іздеуге шықтым.

СИЫР ІЗДЕП ЖҮРІП...

Төңіректің барлығын шарлап, іздемеген жерім қалмады. Даланың аптабы әлі қайта қоймаған екен. Етекке түскен сайын сары даладан аңызақ ыстық леп ескені білінеді. Ақыры болмаған соң үйге қайтып келе жатсам, іздеп жүрген қызыл сиырым ескі мектептің маңынан табылды. Алаңсыз мамырлай басып, жүре жайылып жүр. Көңілім орнына түсіп, мектептің терезесінен ішке үңілдім. Бастауыш сыныпты осы мектепте оқып едім. Бұл мектеп ескі болса да маған өте ыстық. Есік - терезелерін біреулер бұзып алып кетіпті. Ішке еніп қақырап тұрған еденнің бір тақтайын суырып алдым. Еденнің астынан қызарған бірдеңе көрінгендей болды. Жалма-жан екінші тақтайды босатқанда астынан шаң басқан бір адамның сұлбасын байқағандай болдым. Шошып кетіп, бойымды үрей билеп, тұра қашып, табалдырыққа сүрініп, еденге оңбай құладым. Шүкір, аяқ-қолым аман екен. Тұла бойым түршігіп, төбе құйқам шымырлап қоя берді. Тұра сала аяғым аяғыма тимей, тапырақтап қаша жөнелдім. Жалма-жан қорыққанымнан мектептің қабырғасы бітер тұсқа дейін жүгіріп бардым. Жан - жағыма қарап едім, ештеңе көрінбеді...

Көп өтпей мен әлгі жерге қайта жақындадым. Мен көрген тастың беті саңлаудан түскен күн сәулесімен шағылысып, құлпырып сала берді. Анықтап үңіліп қарасам, «адам бейнелі тас мүсін», Тасқа белгіленген адамның түр – тұрпаты тас мүсін, балбал тас екен. Айдалада иесіз қалған ғимаратта жатқан балбал тас мені қатты қызықтырды. Көзім анық жеткен соң барып:

- Алақай, алақай! - деп айғайлап жібердім. Алтын тапқандай қуанып кеттім. Әрине баға жетпес құнды олжаға кенеліп тұрсаң, кез келген адам сөйтер еді. Енді еңкейіп адам бейнелі тас мүсіннің шаң басқан тұсын қолыммен сипалап тазартпақ болдым. Бірақ таңбалы тас сұп - суық екен, қолымды еріксіз тартып алдым. Таудың қызыл тасынан қашап жасапты. Екі бүйірінде көне түркі тілімен бедерлі жазуы бар таңбалы тас екен. Балбал тастың

қырынан қарасаң тас мүсін әйел бейнесіне көбірек келетіндей көрінді. Күн кешкіріп қалғандықтан ойда жоқта тарихи олжа тапқанымма қуанышым қойныма сыймай, үйге қарай қызыл сиырды шықпыртып ала жөнелдім. Үйге келе салысымен сөреде шаң басқан кітаптарға үңілдім. Біраз кітап беттерін парақтап ақтарған соң, балбал тас туралы ақпараттар мен мағлұматтар шыға келді.

УҺҺ, ТАПТЫМ - АУ!

Қазақ жеріндегі балбал тас тарихы туралы алғашқы зерттеуді Әлкей Марғұлан жүргізген екен. Академик - ғалымның «Ежелгі мәдениет куәгерлері» еңбегінде балбал тастар ежелгі түркілердің діни ғұрыптық кешені екенін жазған.

Ал академик - ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы *«Бұл қазақ халқының тарихы тым тереңнен басталатынын көрсетеді. Ғасырлар қойнауының тереңінде, тым тереңде көмулі жатыр. Сол ұлы тарихты қопарып алып шығу парызы бүгінгі археологтар мен тарихшылардың, тілшілер мен мәдениеттанушылардың, философтар мен этнографтардың мойнында»*, - дейді.

Кешкісін тамақтанып алған соң, әдетімше емтиханға дайындалмақ болып жатын бөлмеме кірдім. Төсегіме отырып, кішкене демалайын деп жастығыма қисайып едім, сол күйі көзім ілініп кетіпті. Сол түні ұйқым шала болып, жөндеп ұйықтай алмадым. Балбал тас мүсіні түсіме кіріп, маған уәжін айтып жатыр екен:

- «Мені тағы да мың төрт жүз жыл, 14 ғасырға жуық тар қапаста қамап ұстайын дедіңдер ме? Бұларың жарамайды, енді мен көнбеймін... «Шыдамның да шегі бар» деген. Мені тезірек жарыққа шығарып, құтқарыңдар... Тар қапастан әбден жалықтым, босатпасаңдар түбі жаман болады»... Енді бір кезде, үзіліп кеткен түсім қайта жалғасты: -

Сен қорықпа, балақай! Сен болмағанда, тар қапастан жарыққа шыға алмас едім, еңбегіңе көп рақмет. Адамдық қасиетіңді жоғалтпай, бірлік пен мейірімділігіңді сақтай алсаң, бақыт деген сол. Өмір жасың ұзақ болсын, ақ жол саған, балақай, балақай!.. - деген дауыс үзік - үзік қаңғырлап алыстан естілгендей болды... Ол маған тағы бірдеңе айтқысы келетін сияқты, бірақ бет-аузы ғана жыбырлайды, ештеңе естілмейді. Сөзі де, түрі де құдды бір бұзылған теледидардағы бейнедей айбақ-сайбақ, қаңғыр-гүңгір түсініксіз... Тым қатты шыққан дауыстан шошып ояндым...

- О - о, Алла Тағалам, түсім екен ғой! - деп тілімді кәлимаға келтіріп, тәубеме келдім. Менен ұйқы қашты. Екі көзім бақырайып жан жағыма қарап жатырмын. Шамды жағып, төсегіме келіп қайта жатқанымма біраз уақыт өтті. Бірақ кірпігім ілінер емес. Үрейдің кесірі болуы керек. Ұйықтар алдындағы үйреншікті тәсілдерінің талайын қолданып көрдім. Бірақ, ешбірінен пайда болмады. Содан самаладай жанған шамға қадалған көзім шарадай жанып, әлі ояу жатырмын. Маған бүгінгі күні жуық арада таң атпайтындай көрінді. Таңның атуын асыға күтіп, келер жаңа күннен жақсылық күттім.

БАЛБАЛ ТАСТЫ ҚҰТҚАРУ

Ертеңіне мен керемет жаңалығымды айтпақ болып Бекеннің үйіне бардым. Бекен аң-таң: - Қайдағы балбал тасты айтып тұрсың, досым?! - деп бетіме бажырайып қарады. - Шының ба? Өтірік деп осыны а!

- Шын айтамын!

- Ха - ха - ха! Сен де өтірікті соғады екенсің.

- Қай жері өтірік? Немене, сенбейсің бе? Ал, жарайды, сенбесең балбал тастың жатқан орнын көрсетейін,- дедім.

- Шын айтасың ба? - деді Бекен қатты қуанып. Жаңалығың шындыққа жанасып кетсе, енді ғажап! - Бұл дегенің керемет жаңалық қой. Тарихи олжа. Сенсация! - деді артынша.

...Екеуміз аяғымыздың ұшымен басып, ескі мектепке жақындадық. Еденнің тақтайын ысырып жіберіп, еңкейіп еденнің астында жатқан балбал тасты көргенде Бекен менен бетер қуанды.

- Әп, бәрекелді, досым, баға жетпес құнды, тарихи олжаға кенеліпсің! Балбал тастың тылсым сырына қанығуға ұмтылайық. Ежелден - ақ жер тарихы мен ел тарихы егіз ұғым саналса керек. Өзіміз мекендеген өлкенің өткен тарихына көз жүгіртіп, қанықсақ деп бұрыннан бері армандаған арманымыз орындалу үшін Алматы қаласындағы Археологиялық институтқа таңбалы балбал тасты тауып алғанымыз жайлы түсіндірме хат жазайық. Алдымен жазған мәтініміздің үлкендерге, ұстаздарымызға көрсетіп, оқытып алғанымыз артық болмас, - деді Бекен. Мен қуана келісе кеттім.

Балбал тас жерде шалқасынан жатыр. Екеуміз балбал тасты әрлі берлі итеріп, қозғалта алмадық. Қызыл тас өте ауыр екен.

- Қайтсек екен? - дедім Бекенге қарап.

- Соны білмей тұрмын, - деді Бекен шарасы құрып, «енді не істейміз?» дегендей иығын қомдап қойды.

- Жарайды, қапаланба. Амалдап көрейік, кішкене демалып алған соң, тағы бір рет әрекет етіп көрейік. Әзірге балбал тастың астына ағаш қадаларды тығып қозғап көрейік, - дедім. Сәл демалған соң, еденнің астында жатқан балбал тасты мықшыңдап жүріп сыртқа шығаруға тырыстық. Біраз тер төккен соң, жақын тұрған ашық терезеден сыртқа шығармақ болдық. Балбал тас біз ойлағандай жеп-жеңіл емес, зіл батпан ауыр екен. Шамамыз келмей, екеуміз әбден титықтап шаршадық.

- Бүгінге осы да жарар, үйге қайтамыз ба? - деді Бекен.

- Жоқ, бастаған істі аяғына дейін тәмамдайық. Мен үшін уайымдама, бәрі жақсы. Бірақ көмекке Дәуренді шақырсақ болар еді, - дедім.

- Қорықпа, - деді Бекен еденнің саңылауынан төмен қарап. Сені шығарып алмай ешқайда кетпейміз, - деді Бекен балбал тасты өзінше жұбатып. Бекеннің мына түрінен қорқайын дедім, сасқалақтап:

- Досым, бәрі дұрыс па, кіммен сөйлесіп тұрсың?! - дедім.

- Балбал тасқа айтып жатқаным ғой, енді біз сені тар қапаста қалдырмаймыз, жарыққа шығарамыз»,- деп.

... Бекен Дәуренді шақыруға кетіп еді, едәуір уақыт өткен шақта екеуі екі өкпесін қолына алып, ентігіп жетіп келді. Дәурен балбал тасты көрген бетте қуана айғайлап жіберді де, іле - шала есін жиып:

- Ғажабы, ғажап екен! Бірақ түр - тұрпаты өзге ғаламшарлықтың түріндей, біртүрлі қорқынышты сияқты, - деді.

- О - о, адам баласы үшін тым көп уақыт қой! Мына балбал тас өте ауыр екен. Сыртқа шығару үшін бізге біраз тер төгу керек сияқты...

Амалдап жүріп балбал тасты сыртқа шығардық - ау! Не деген зіл - батпан еді, таяқ тастам жерге әрең дегенде сүйреп апардық. Бекен титықтап, шаршап қалған екен. Дәуреннің келгені мұндай жақсы болар ма? Дөңгелек жұмыр ағашқа салып аяқпен итеріп отырып балбал тасты қалың талдың арасына жасырдық. Әліміз құрып үшеуміз ағаштың көлеңкесіне шоқиып отыра

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

кеттік. Істеген ізгі істерімізге қуанған үшеуміз жүздеріміз бал - бұл жанып бір -бірімізге қарастық...

ҚОЙНАУЫ ҚҰТ ҚАРАТАЛ

Бекеннің ұсынысымен Жамбыл атындағы орта мектеп оқушыларынан жасақталған еріктілер тобы Тастөбе өңіріне көне жәдігерлерді іздестіруге бағытталған танымдық экскурсия мен жорықтар ұйымдастырдық. Ол топқа біздің сыныптан тоғыз бала, басқа сыныптан он бір оқушы мүше болды. Танымдық экскурсияны тарих пәнінен сабақ беретін ұстазымыз Қамал ағай жетекшілік етті. Ал, топтың басшысы қылып Бекенді сайладық. Ол - Тастөбе өңірінен бұл балбал тастың екінші бір сыңарын іздеп табуға күш салуымыз қажет. Біз әйел адамның бет - әлпеті бейнеленген тас мүсін балбалтасты таптық қой. Ал енді, ер адамның бет - әлпеті бейнеленген тас мүсін балбал тасты табуға күшімізді аямай жұмсауымыз керек, уақытты текке өткізбей Қаратал өзенінің бір иінінде ерекшеленіп тұрған әрқайсысының дерлік атты кісінің биіктігіне пара - пар, сандық тастай қаланған қызғылт қоңыр түсті шоқпар тастан тұратын Тастөбеміздің тылсым сырына қанығуға ұмтылайық. Атақты Тастөбе жотасы әлі толық зерттелмеген, - деді.

Сөйтіп біздер Тастөбенің сан қатпарлы құпиясын танып-білуге, тылсым сырына қанығуға аттандық. Тау-тасты кезіп, құнды жәдігерді іздедік. Өзіміз мекендеген өлкенің өткен тарихына көз жүгіртіп, қанықсам деп жасаған кезекті бір сапарымызда баға жеткісіз құнды олжаға кенелдік.Тастөбенің бұжыр-бұжыр сандық тастары қызыл қоңыр түсті келеді. Міне, мына бір жерін біреу біркелкі жолақтармен арнайы бояп қойғандай. Жетісу өлкесінің бір кереметі саналатын Тастөбе жотасына жолымыз түсіп бара жатырмыз. Қамал ағай жол бастап жүрді. Жол бойы Тастөбеге байланысты көне деректерді келтіріп, бізге көптеген мағлұмат айтты. Тастөбеге апаратын жалғызаяқ соқпақ жолмен жотаға көтеріліп келе жатып, оның бойындағы елдімекендерді таныстырды. Жотадан бір жота, бір төбеден екінші төбе бірінен бірі өткен өте әдемі, көздің жауын алады. Тау қойнауында күлтесі жұп-жұқа, нәп-нәзік боп желмен жайқалып әп-әдемі, қып-

қызыл қызғалдақтар қаптап өсіп тұр. Тіпті сағағынан үзіп алуға да қимайсың. Жотада бауырымен жорғалаушыларды: кесіртке, құрбақа, жыландарды көрдік. Улы жыланның түсі де қоңыр тау түстес екен. Осылай қызықтап жүргенде, алты шақырым жолды қалай артқа тастағанымызды өзіміз де білмей қалыппыз. Қаратал өзеніне келіп тірелдік.

АҚ НАЙЗА ҰСТАҒАН САРБАЗ

Мен айналамдағы тау-төбені қызықтап жүріп бірталай жерге ұзап кеттім. Тау-жотаның арасымен жүріп келе жатып бір қызық нәрсеге жолықтым. Анандай жерде бір түп жиде ағашының арт жағынан үңірейген тесік тасты көргендей болдым. Бұрын бұл маңайдан көрмеген тесік тасты барып көруге қатты қызықтым. Жүгіріп барып тесік тастан сығаладым.Тесік тастың ар жақ бетінде қолында ақ найзасы бар, арғымақ мінген сарбаздың суреті қара жартасқа қашап салыныпты. Сарбаздың суреті шынайы салынғандықтан құдды бір тірі бейне сияқты. Өте шебер суретшінің еңбегі ғасырдан ғасырға жететіні анық. Мына құбылыс ғажаптың ғажабы енді, тілмен жеткізу мүмкін емес! Таң - тамаша болдым! Өз көзіме сенбей, сағым ба деп тағы да қарадым. Қызыға да қызғана көп қарадым. Қанша қарасаң да тоймайсың. Көзімді қолыммен сүртіп қайта қарағанымда арғымақ мініп қолына ақ найза ұстаған батырдың бейнесі анық көрініп, жарқ еткендей болды...

- Алақай! Қандай әдемі! Туһ, қатты қуанғаным - ай! Бар күшімді салып ышқына ысқырып, беткейді басыма көтеріп айқайды салып, алақайға бастым - ау! Әнеки, бүкіл жартас жаңғырып кетті. Ысқырығым жота - жартасты аралап, тау біткен жауаптасып жатыр. Даусымды естіп Бекен жүгіріп келді.

- Не болып қалды, орманды өрт шалғандай айқайлағаныңа жол болсын? - деді Бекен. Неге қатты ысқырдың? Даусың қатты шықты ғой!

- Сүйінші, тесік тас табылды!

- Қане? Қай жерден көрдің?

- Әне! Ан - а - а - а - у тұрған жиде ағашының аржағындағы тесік тасқа қара! Көрдің бе? Сенбесең жүр, көрсетейін, - деп оның жеңінен тарттым.

- Мына жерден сығалашы. Міне, бар құпиясы - осы, - деп тесік тасты көрсеттім. Ол лып етіп барып тесіктен сығалап, мойын соза шұқшиды.

- Паһ - паһ, қандай керемет! Мына әлем қандай ғажап еді! Ия, айтатыны жоқ. Зор тұлғалы атты сарбазды көріп тұрмын... Қолында найзасы бар, нағыз Һас батырдың өзі ғой! Қандай әдемі! Рас айтыпсың. Үйдей қара жартастың жалпақ қабырғасына салынған өте әдемі сурет екен, - деп менен бетер қуанды. Қара жартасқа салынған сарбаздың суреті, бізге құдды бір дүрбіден қарап тұрғандай - ақ, ап - анық көрінеді.

- Тастөбенің жотасына келгеніміз жақсы болды, тесік тасты көрдік! Керемет, Мұрагер, қарашы мен қатты қуанып тұрмын! - деген Бекеннің дауысы саңқ ете түсті. Бастапқыда осы құпия жаңалықты экскурсия мүшелеріне айтпақ болдық.

- Айтпақшы, мен неге тұрмын? «Сүйінші!» деп ел-жұртқа хабар бермеймін бе? - деп қуанып орнымнан тұра беріп едім, Бекен иығымнан басып тоқтатты. - Әзір емес, бұл құпия, - деді Бекен. - Асықпайық, бұл тесік тас осы жерде құпия болып қала берсін, ешкімге тіс жарып айтпай - ақ қоялық, - деді. Мен үндей алмай тосылып қалдым. Бірақ ой үстінде тұрмын. Толық еш нәрсенің байыбына бара алмасам да, әлдененің жөнін ептеп аңғарғандай болдым. Бекеннің жүзіне аңтарыла қарадым, басында таңғалсам да, амалсыздан келістім. Жарайды. Мақұл, - делік. Неге, не үшін деп сұрамадым. Сөйтіп бұл іс, ғажап іс осымен құпия болып қалып қойды...

ТАС ТАСАСЫНДА ҚАЛҒАН САРБАЗ

Туған жерден алыстап оқу іздеп жан-жаққа кеттік... Ел ағасы болған шақта ауылға оралдық. Ауылға келген мақсатым баяғы Тастөбе жотасынан тесік тасты бір мәрте көрмекшімін. Ақырын аяңмен жота басына шықтым. Әйтсе де біраз ентігіп қалдым. Арманым бала кезімдегідей тесік тастан тағы бір мәрте сығалау. Жүйрік ат мініп, қолына ақ найза ұстаған сарбазды қайта көру арманым еді. Бірақ, бір өкініштісі, сол арманым орындалмады. Өйткені біраз жыл бұрын жер сілкінісі кезінде үйдей сандық тастар опырылып құлап, тесік тасты басып қалыпты. Үйілген тастың астында тесік тас, құнды жәдігер тылсым сырын өзімен бірге ішке бүгіпті... Амал нешік, қош бол, киелі Тастөбем, ішіне сыр бүккен, сиқыры мол тесік тас деп келген жағыма аттана бердім. Ішім алай - дүлей... дауыл соққандай ию - қию, дел - сал күйдемін. Ішімнен «қап, әттеген - ай» деп бас шайқаймын...

БІЗ ТЫҒЫП КЕТКЕН БАЛ-БАЛ ТАС ҚАЙДА?

...Өткенде біз қойып кеткен жерден балбал тасты таба алмадық. Сөйтіп, біз іздеген балбал тас ұшты-күйлі жоқ болып кетті. Ары-бері іздеп әбден сарсылдық. Бекен де таңбалы тастың анық-қанығын білмейтінін айтты. Қырық жылдай уақыт өткеннен кейін барып, балбал тастың сыры шым-шымдап ашыла бастады. Ол жағымды жаңалықты Бекен «Егемен Қазақстан» газетінен оқығанын бізге майын тамыза айтып берді. Оқиға былай болған екен:

- Тастөбе ауылындағы орта мектепте тарих пәнінен сабақ беретін Қамал ағай балбал тасты көрген бойда арбаға тиеп үйіне алып кетеді. Құнды жәдігерді аяқастынан ескі мектептің маңынан тауып алғанына жүрегі жарылардай қуанады. Бірақ балбал тасты тауып алғанын ешкімге тіс жарып айтпайды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін, көп ұзамай көрші ауылға көшіп кетеді. Кетерінде балбал тасты өзімен бірге ала кетеді. Кейін Жамбыл атындағы орта мектептің бұрынғы директоры соғыс және еңбек ардагері, білім саласының үздігі, ұлтжанды азамат Ғабиден ағамыз балбал тас жайлы естіп біледі. Құнды жәдігерді айтысып жүріп алдырып, оны мектептің өлкетану мұражайына қойдырады. Оқушылар сабақтан тыс кездері кезекпен барып, қойылған заттарды тамашалайды. Ол жердегі заттардың барлығы Қазақтың құнды қолөнер бұйымдары. Сөйтіп балбал тас мектептің мұражайының еншісіне айналады. Оқу орны баға жеткісіз құнды олжаға кенеледі. Ғабиден ағамыз қол қусырып қарап отырмайды. Таңбалы балбал тасты әр қырынан фотосуретке түсіріп, түсіндірме хат жазып, Алматыдағы сол кездегі Қазақ ССР Археологиялық институтының директоры, танымал түріктанушы ғалым Сәрсен Аманжоловтың атына жолдайды. Тастөбенің жанынан балбал тасты тауып алдым, - деп хабарласады. Көп ұзамай С. Аманжоловтың баласы, жас ғалым Алтай Аманжоловтың атынан сол ескерткіш тасты зерттеу мақсатында аталған институтқа сұратқан жауап хат келеді. Ғабиден ағамыз ғылыми ортақ мүдде үшін сол жәдігерді өз қолымен табыстайды. Алғашқыда «Ғалымдардың пікірі екіге бөлінеді. Кейбіреулер бұл тас қола дәуірінен бері бар десе, ал басқалары оны кейінгі түркі кезеңіне жатқызады. Тіпті, ғалымдардың бірінің пікірінше, Сібірде табылған олжаларға ұқсастықтар бар. Қай пікірдің дұрыстығын әрі қарай зерттеу шешеді. Бірақ қазірдің өзінде бұл жаңалық үлкен тарихи құндылыққа ие деп айтуға болады. Қазіргі уақытта артефакт қорғауға алынды», - дейді мамандар. Ұзақ зерттеудің нәтижесі бойынша балбал тасты 5 - 6 ғасыр бұрын шеберлер таудың тасын қашап жасаған екен. Ежелгі түркі дәуіріне жататын құнды жәдігерді, ауыл тұрғыны кездейсоқ жерден тауып алған, - деп артынша хабарлайды. Балбал тас сол қалпында бұзылмай, күні бүгінге дейін сақталып, осы күнге дейін жеткенін растады. Қазақ жерінде осы балбал тасқа ұқсас рухани ескерткіштер де көптеп сақталыпты. Мысалы, Қазақ әдебиетінің толық үлгісі 7 - 8 ғасырда жасалған, сандықтасқа, бітіктасқа мәтінін қашап жазған. Мәтін күні бүгінге дейін сақталған. Ол кезде бүкіл Еуропада мұндай әдибеттің үлгісі жоқ еді. Сандықтасқа қашалған ерлік жырлары, Күлтегіннің басындағы көктастағы жазу соның айғағы болса керек. Алайда сол балбал тастың одан кейінгі тағдырынан ешбірі хабарсыз еді. («Егемен Қазақстан» газеті, 27.10. 2010 жыл деп көрсетіпті).

«Тастөбе бүккен тылсым сыр» атты көлемді мақаланы ҚР Журналистер Одағының мүшесі, Қаратал ауданының құрметті азаматы, қаламгер үздік өлкетанушы Қараша Қараман ағамыз жазған екен. Сол мақалада: «Бір қараған жаңа етек - жеңі далиып, тұмсығы Көкше теңізге барып тірелетін Қаратал ауданы бейне бір шоқ - шоқ төбелер мен сұлу шоқылардан тұратындай болып көрінері бар. Ұзыннан ұзақ созылған өмір жолы саналған Түркісіб теміржолының бойында орналасқан Үштөбе станциясының әу бастағы аудандық бағыныстағы қала Бастөбе, Ортатөбе және Кішітөбе (Аяққы төбе) жиынтығынан тұрады. Енді осы бір шоғыр төбенің қатарына ауданның оңтүстік шығысындағы Тастөбе, Бастоғанның іргесіндегі Тастыарал, шығыс белдеудегі кемерленіп жатқан Сұлушоқы, Ақылбай мен Дауылбайдың шоқысы, Мойнақтан асқандағы Қаражиде өңіріндегі қазақтар тізілген Қалмақ төбені, Қараталдың орта иініндегі Тассуатты қоссаңыз, әңгіменің тұздығы келісе түсері бар. Біздің бүгінгі сөз еткеніміздің өзі тарих қатпарларында сақталған, ел аузында жатталған атақты Тастөбе» - делінген сөздермен келісемін.

(хикаяттың қысқартылған нұсқасы)

Мұрат БАЙДІЛДАҰЛЫ,
Талдықорған қаласы

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘДЕБИЕТ КЕШІ

ЖАН ДҮНИЕНІҢ ЖАРҚЫН ӘЛЕМІ

«Ақпан келді ақырып, жан-жағын түгел жапырып» дегендейін, қыстың соңғы айы асау мінез танытқанына қарамастан мәдени іс-шаралар легі толастар емес. Өткен сенбі күні Жетісу облыстық Сәкен Сейфуллин атындағы орталық кітапханада халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстан жазушылары және журналистер одағының мүшесі, өршіл ақын, танымал прозаик, сөз өнерінің Ғас шебері Нұрила Бектемірованың 75 жасқа толуына орай «Жан дүниенің жарқын әлемі» атты әдеби кеш өтті.

Кітапхана қызметкерлері жылы шырай, ақ пейілмен қарсы алған кеш «Ақ серке, ай мүйізді қой бастайды, шын ақын топ ішінде той бастайды» деп, ортаға арғымақ аттай бұлаңдап шыққан жас ақын Ерден Нұрахметтің бояуы қанық кестелі сөздерімен басталды. Жетісудың киелі топырағында, Көксудың мәуелі бағында туып өскен Нұрила Дәнтайқызы қазақтың бәйтеректей биік тұлғалары Жамбыл Жабаев, Мұқағали Мақатаев, Мұхтар Мағауин сынды көрнекті ақын - жазушылары туған ақпан айында дүние есігін ашуының өзі мақтаныш тудырып, мистикалық сезімге, жұмбақ ойларға жетелейді.

Жазушыға құрмет көрсете отырып, оқырманды қалам иесінің шығармашылығымен таныстыру, қазақ әдебиетіне деген қызығушылықтарын арттыру, ұрпақтың рухани жан-дүниесін байыту және Жетісу ақын-жазушыларының туындыларын насихаттау мақсатында өткізілген кеш шымылдығы «Шығармашылықтың дара жолы» атты бейнероликтің көрсетілуімен ашылды.

Кешке құрметті қонақ ретінде шақырылған Жетісу облысының мәдениет, архифтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Гүлмира Қалқабаева

«Кітап – мәдениет пен өнерді дамытудың қуатты құралы, ғылым атаулының қайнар бұлағы» деп келе, Жетісу облысы әкімнің орынбасары Диас Рахметұлы Есдәулетовтың және Жетісу облысы мәдениет, архифтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сұлтанұлы Сүлейменовтың құттықтау хаттарын оқып, кеш иесіне тапсырды, әрі үстіне қызыл барқыттан тігілген оқалы камзол кигізіп, басына ақ шашақты жібектен төгілдіре кестелеген шәлі жапты. Артынша рухани қазыналарымызды дәріптеу мақсатында кеш иесі Нұрила Дәнтайқызының «Өмірдің өзгермейтін жұмбағы» атты кітабының тұсаукесері айтулы қаламгерлердің бата-тілектерімен кесіліп, соңында сан-алуан тақырыптарға қалам сілтеп, жүрек қылын шертетін өршіл де сырлы жырлар мен мазмұны көркем туындылар жазып жүрген Нұрила ханым өз өмірі мен шығармашылығы жайлы баян етті. Көп балалы отбасында дүниеге келгенін, өмір шіркіннің аққан судай, соққан желдей өтіп бара жатқанын, ендігі 70 жастың өріне көтеріліп, биігіне шыққанын, көрген-білгенін қағаз бетіне түсіріп, 13 кітап шығарғанын, 40 шақты әннің мәтінін жазып, билік пен халық тарапынан еңбегінің еленгенін сөзіне тиек етті. Келесі кезекте, Жетісу ақын-жазушыларының алдыңғы легінде атойлап жүрген мерейтой иесін, облыс жұртына белгілі қаламгер Нүсіпбай Әбдірахым, айтыс ақтаңгері Айтақын Қазақстан жазушылар одағы, Жетісу облыстық филиалының төрағасы Жангелді Немеребай ақ-жарма тілектерімен құттықтап, жазушының шығармаларында өңірімізде болған оқиғалардың барлығы дерлік тізбеленгенін, тағдырлы адамдардың басып өткен іздерінің таңбаланғанын, олардың оқырманды еріксіз өзіне тартып, баурап алатынын, жалпы шығармашылық адамында зейнеткерлік жастың болмайтынын, ол жандардың қолдарынан қаламдары түскенше еңбек ететіндерін, соған орай мінезіне ажары сай Нұрила Дәнтайқызының әлі де талай туындыларды жарыққа келтіретінін, сонымен қатар қаламгердің ұзақ жылдар мемлекеттік қызметте жемісті қызмет етіп, ана ретінде де отбасының ауыр жүгін қайыспай көтеріп жүргенін ерекше ықыласпен атап өтті және Қазақстан жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкеновтың, той иесінің ұлттың рухын байытуда сіңірген айырықша еңбегін атап өткен құттықтау хатын тапсырды. Қарымды қаламгермен кездесу аясында, сондай-ақ Көксу ауданы әкімі аппаратының жетекшісі Жанар Көбеева мен ардагер ұстаз Аңсабала Балабекова, қайырымдылық ісін өміріне ту еткен бизнесмен Мықтыбек Рахымбеков, облыстық әкімдіктің ұйымдастыру бөлімінің қызметкері, 5 бірдей «Алуа», «Құс қанаты», «Жүрегімнің өнерінің Бұлғақов, хаттары» т.б. кітаптардың авторы (туындылары қырғыз, түрік, татар тілдеріне аударылған) Гүлбақыт Қасен, халық ақыны Қалқа Жапсарбевтың ұрпағы және туғантуыстары мен дос-жарандары жылы лебіздерін білдірді. Қаратал ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы Рахымғали Өтегенов те өңір басшысы Ұлан Досымбековтың құттықтау хатын сыныптасы Нұрила ханымның қолына ұстатып, басқа да сый-сияпатын ұсынды. Айта кетері, той иегері 8,9,10 сыныптарда Үштөбе қаласының № 262 орта мектебінде оқып, сол ұядан түлеп ұшты.

Жетісу өлкесінде ақын Қанипа Бұғыбаевадан кейін әйел-ана жазушы ретінде көш бастаған ұшқыр ойлы, аузынан сөз емес уыз төгілер қаламгер кешінің барысында әншілер Нұрила ханымның терең мағынаға ие, ойлы да шұрайлы сөздеріне жазылған сазгерлердің әндерін шырқап, ақындар болса арнау өлеңдерін оқыды. Әсіресе, халықаралық және республикалық байқаулардың жеңімпазы Аяна Берікқызының орындауындағы талантты композитор Серікжамал құрдасымыздың «Адам деген бар атым» және «Ана, әнім, өмірім» атты әндері жүректі қозғап, құлақ құрышын қандырды. Сонымен қатар, елге деген сүйіспеншілікті тудыратын «Қабан жырау бабамыз» атты термені нақышына келтіре төгілдірген, дүлдүл әнші Дәнеш Рақышев атындағы байқаудың лауреаты Еділ Исағұлов пен «Қалқа ақын жасасын !» әнін шарықтатқан Сәбинұр бауырымыз да көрермендер қошаметіне бөленді. Жетісудың зиялы қауым өкілдері қатысқан кештен әдебиет сүйер жұрт бір желпініп, серпіліп қайтты. Бар өмірін жазуға арнап, кермаралдай керіле жүріп, ұлтымыздың рухани мұратына қызмет етіп жатқан тума талант, тұғыры биік Нұрила замандасқа барша кластастары атынан денсаулығын зор болып, қаламыңның қуаты кетпей, тұлпар шабыс таныта бер деген тілегімді жеткіземін.

Жексенбек СҰЛТАНБЕКОВ

НАУРЫЗ-ӨТКЕН МЕН БОЛАШАҚТЫ ЖАЛҒАЙТЫН АЛТЫН КӨПІР

Наурыз-қазақтың мәдениеті мен салт-дәстүрінің жаңғырығындай сақталып, көктемнің шуақты күндерімен бірге есік қағатын қасиетті мейрам. Бұл күні табиғаттың жаңаруы мен жаңғыруы қатар келіп, тек күн мен түннің теңелуі ғана емес, халқымыздың бірлігі мен татулығының жарқын көрінісінің куәсі боламыз. Наурыз мейрамының сан мың жылдық тарихына көз жүгіртсек, күллі түркі жұртына ортақ мейрам екендігі аңғарылады. Ата-бабаларымыз бұл мейрамды киелі деп санап «Ұлыстың ұлы күні» деп атау берді. Ал дана халқымыз «Жыл басы-Наурыз» деп бекер айтпаған. Өйткені бұл күн тіршіліктің бастауы, жаңа жылдың алғашқы нышаны саналады.

Наурыздың шығу тарихы өте тереңде жатыр. Бұл мереке әлем өркениетінің ең көне дәстүрлерінің бірі. Тарихи деректерге сүйенсек, Наурыз мерекесін 3000 жылдан астам уақыт бұрын ежелгі парсылар атап өткен. Ахмет Байтұрсынұлы: «Наурыз-қазақтың ғұрып-әдетімен, тіршілік салтымен біте қайнасқан ұлы мереке»,- деп жазғанындай, бұл күн тек мереке емес, халықтың әлеуметтік, рухани өміріндегі маңызы бар мейрам.

Қыстың қаһарынан аман-есен шыққан халық көктемгі Наурызды шаттықпен қарсы алады. "Жаңбырмен жер көгерер, батамен ел көгерер" дегендей, бұл күні ақсақалдар жастарға ақ батасын беріп, ізгі тілектерін жаудырады. Бұл күні реніштер ұмытылады, туыс-туғанмен көрісіп, арадағы салқындық сейіледі. «Ағайын тату болса - ат көп, абысын тату болса - ас көп» деген нақыл осы мейрамның мәнін айшықтай түседі. Көрісу дәстүрі - қазақтың бауырмалдық қасиетінің жарқын көрінісі. Халық бұл күні дос пен дұшпанның қолын алып, татуласады. Наурыз мерекесі кезінде ұлттық салт-дәстүрлеріміз де жаңғырады. Далада алтыбақан құрылып, жастар ән айтып, би билейді. Қыз қуу, көкпар, аударыспақ сияқты ұлттық ойындар ойналып, мерекелік көңіл-күйді арттырады. «Жігітке жеті өнер де аз» деген нақыл дәл осы уақытта өзектілігін айқындай түседі. Наурыз дастарқанында міндетті түрде наурыз көже қойылады. Наурыз көже-молшылық пен берекенің белгісі. Жеті түрлі тағамнан жасалатын бұл ас әрбір қоспасымен белгілі бір ұғымды білдіреді. Мысалы, су-тіршілік көзі, етмолшылық, тұз - өмірдің дәмі, бидай-тоқшылық, сүт - ақ ниет пен пәктік, май-құт-береке, ал құрт-берік денсаулықтың нышаны. Халық арасында «Наурыз көжені тойғанша ішсең, жыл бойы тоқ жүресің» деген наным бар.

Наурыз мерекесі-халықты бірлік пен ынтымаққа шақыратын ерекше күн. Бұл күні елімізде түрлі этнос өкілдері бір шаңырақтың астында бас қосып, достықтың айғағын көрсетеді. «Бірлік бар жерде-тірлік бар» деген сөздің маңыздылығын Наурызда айқын аңғарамыз. Өйткені бұл мереке ұлттар достығының, береке-бірліктің мерекесі. Наурыз-өткен мен болашақты байланыстыратын алтын көпір. Бұл күні халық ата-баба дәстүрін еске алып, жас ұрпаққа өнеге етіп ұсынады. «Ескі жыл есірке, жаңа жыл жарылқа» деген сөзбен өткеннің жақсысын сақтап, келешекке үміт артады.Сонымен қатар Наурыз мерекесі-табиғатқа деген құрметтің айнасы. Көптеген өңірлерде бұл күндері ағаш отырғызу, табиғатты қорғау сияқты игі істер атқарылады. «Бір тал кессең, он тал ек» деген нақыл сөздің мәні осындай шаралар кезінде айқындала түседі. Табиғат пен адамның үндестігі Наурызда ерекше сезіледі.

Наурыздың тағы бір маңызды қырыұлттық құндылықтардың жаңғыруы. Бұл күні жас келіндер үлкендердің батасын алып, ата-әжелерге құрмет көрсетеді. Ұлттық киімдер киіліп, халықәндері шырқалады. «Туған жердің түтіні де ыстық» деген сөз Наурыздағы отбасылық жылулықты сипаттайды. Наурыз мерекесі-өмірдің жалғасы мен ұрпақтар сабақтастығының жарқын көрінісі. Халық бұл күні бір-біріне «Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын!» деп тілек білдіреді. Өйткені Наурыз - болашаққа деген сенімнің, жаңа бастамалардың мерекесі. Көктеммен бірге келетін Наурыз мерекесі әр шаңыраққа қуаныш пен береке әкелсін! Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын!

Ақерке БАЗАРБАЙ,
ЖУ - дың Филология мамандығының 3 курс студенті

АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ- РИЗАШЫЛЫҚ ПЕН РАҚЫМШЫЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

«Жақсылыққа-жақсылық, әр адамның ісі, жамандыққа-жақсылық, ер адамның ісі», - дейді қазақ халқы. Шын мәнінде, алғыс айту-адамгершіліктің асыл көрінісі. Алғыс - жүректен шыққан шынайы ризашылық, ізгіліктің ең жоғары формасы. Қазақстанда 1 наурыз-Алғыс айту күні. Бұл күн халықтар арасындағы достықты нығайтуға, қоғамдағы бірлік пен татулықты сақтауға бағытталған ерекше мейрам. Бұл мереке Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнімен тұспа-тұс келеді. Елдегі түрлі этностардың бір-біріне деген құрметі мен ризашылығын айшықтайтын маңызды күндердің қатарына алғыс айту күні де енеді.

Алғыс айту күні қиын - қыстау заманда қазақ халқының дархан пейілі мен мейірбан жүрегінің арқасында түрлі ұлттардың өсіп-өнуіне мүмкіндік алғанын еске түсіретін күн. Кезінде жер аударылып, Қазақстанға келген көптеген ұлт өкілдері жергілікті халықтың кең пейілі мен қонақжайлылығының арқасында аман қалды. «Жақсы сөз-жарым ырыс» демекші, бүгінде сол ұрпақтар алғыс айту арқылы сол жақсылықты естен шығармай, мәңгілік ризашылық білдіреді. Қазақстандағы түрлі этностардың бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруі - осы мерекенің басты құндылығы. «Бірлік бар жерде-тірлік бар» деген нақыл сөздің мәні дәл осы алғыс айту күнінде ерекше сезіледі. Өйткені, өткен тарихтың қиын сәттерінде бір нанды бөлісіп жеген халықтар бүгінде бауырлас, достас болып отыр. Мектептерде, мекемелерде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, балалар алғыс айту мәдениетін бойына сіңіреді. Бұл-келешек ұрпаққа ең асыл мұра.

Алғыс айту - тек бір күндік іс емес. Ол-өмірлік қағида, тәрбиенің алтын арқауы. Қазақ халқы «көп жасағаннан емес, көп көргеннен сұра» деп, үлкендерден алғыс пен ризашылықтың қадірін үйренуді насихаттаған. Алғыс айту күні адамдардың бір-біріне құрмет көрсетіп, жақсылықтың бағасын түсінетін күні. Бала ата-анасына, оқушы ұстазына, қызметкер басшысына, дос жан жолдасына алғыс айтады. Алғыс айтудың қарапайым түрі-жүрекжарды сөз айту болса, ал ең үлкен көрінісі - қайырымдылық жасау, өзгенің игілігі үшін еңбек ету.

Алғыс айту күнін ең алдымен отбасынан бастау керек. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету арқылы бала ата-анасына, ата-әжесіне, бауырларына алғыс айтуды үйренеді. «Ата-ананың алғысын ал, адамның батасын ал» деген ұстаныммен тәрбиеленген ұрпақ ешқашан рухани кедей болмайды.

Алғыс айту күні-адамгершілік пен ізгіліктің мейрамы. Ол бізді өткенді еске алып, жақсылыққа ризашылық білдіруге, болашаққа сеніммен қарауға үндейді. «Алғыспен ер көгерер» дегендей, алғыс айту арқылы қоғамда мейірімділік пен жылылықтың молаюына үлес қосайық. Өйткені, алғыс айтудан жалықпайтын елдің болашағы жарқын, рухы биік болады.

Алғыс айту – мейірім нұры

Алғыс айту – ізгі дәстүр,
Жылытады көңіл мен пейіл.
Жақсылыққа толы өмір,
Шапағаты – нұрлы бейіл.
Жақсы сөзді аямастан,
Бөлісейік бір-бірімен.
Алғыс алған жан ешқашан
Қалмайды екен қиын күнде.
Ата-анаға, дос-жараңға
туған-туыс бауырғада,
Жүрек жарған рақметің
Қуат берер әр адамға.
Ұстаздарға рақмет,
Білім берген біздерге.
Ғылым, өнер үйретіп,
Жол көрсеткен іздерге.
Көктем нұрын төгіп тұр,
Жылы сөзі көңілге.
Алғыс толы әрбір жан,
Бақ қонсыншы өмірге!
Бейбіт күнге, ашық аспан,
Қуанышқа толы шаққа,
Елім, жерім – алтын бесік,
Алғыс айтам шын жүрекпен!

Аружан ТҰРСЫНХАНҚЫЗЫ
ЖУ - дың «Филология» мамандығы бойынша 3 курс студенті

Бейсенбі - Четверг, 27 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

«Хабар» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

АСТАНА

06.15 «Место под солнцем»
09.00, 21.00 «Қолымнан ұста»
11.40 «Құрақ»
12.15, 23.20 «Осман-2»
15.00 сериал «Бажа»
15.45 сериал «Уравнение любви»
20.00 Astanatimes
22.20 «Адасқан сезім» телехикаясы
01.10 сериал «Склифосовскии-9»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Паутина
07.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.05 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 Многосерийный фильм
13.00 «Пусть говорят»
14.00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz-шоу»
20.00 «Главные новости»
20.35 Фильм «Чужой среди своих»
00.30 Ночной кинотеатр
01.25 «Новости»
01.40 «Жаңалықтар»
01.55 «П@утина»
02.40 «Басты жаңалықтар»
03.05 «Той базар»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Қыл үстіндегі тағдыр-2»
09.10 Вечерние новости
09.50 «Вскрытие покажет»
12.00 «Спасти веру»
14.20 «Сашка», мелодрама.
17.20 «Реальная мистика»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Спасти веру», мелодрама.
23.55 «Штурм»
01.55 «Маруся», мелодрама
02.40 Өткен күндер-1
05.25 «Астарлы ақиқат»
06.10 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Менің балалық шағым»
11.40 «Жетісу әуендері»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Шаңырақ»/ тікелей эфир
13.20 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Мақсатына жеткендер»
14.30 «Агро аймақ»
14.45 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Жетісу әуендері»
17.30 «Өзекжарды»
17.50 «Арам ойлы дос»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Шыңыраудан шыңға»
19.15 «Жетісу әуендері»
19.30 «Ащы да болса...»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Біз жанбасақ»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
06.30 «31 әзіл»
06.50 Информбюро (рус., каз.)
08.00 Мультсериал «Буба»
09.00 «Команда Мстители»
09.20 «Құйынды мекен»
10.50 «Проект а» (повтор)
13.00 «Ангелы чарли»
15.40 «Ангелы чарли-2»
18.10 «Перевозчик»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 «Хэнкок»
22.50 «Құйынды мекен»
01.20 «31 әзіл»
02.00 «Келіндер бәйгесі»
02.40 «Time Vine»
03.00 «TikTok show»
03.20 «What's up?»
04.00 «Әзіл студио»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина
05.00 «What's up?»
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 Бастық болам
07.10, 17.00, 18.20 Абысындар
09.30, 01.10 Жаңалықтар
09.30, 01.10 Новости
10.00, 20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 Сериал «Бесценное время»
12.55 сериал «В плену у прошлого»
15.00 Сериал
18.00 Жаңалықтар.
19.30 Новости
22.40 «Сезім үшін»
23.30 «Қайырлы кеш, Қазақстан!»
01.40 телехикая «Тойхана»
02.40 Жайдарман
03.40 «Жеңіп көр»
04.30 «Қуырдақ»
05.50 Үзіліс

Жұма - Пятница, 28 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

«Хабар» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

АСТАНА

06.50 «Место под солнцем»
09.00,21.00 «Қолымнан ұста»
10.40 «Құрақ»
12.15,23.20 «Осман-2»
14.40 «Қолтаңба»
15.00 «Бажа»
15.45 «Уравнение любви»
20.00 «Astana times»
22.20 «Адасқан сезім»
01.10 «Склифосовский-9»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «П@утина»
07.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң,Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро,Казахстан!»
10.05 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся»
11.50 «Муж на час»
13.00 «Пусть говорят»
14.00 «Новости»
14.15 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike» бағдарламасы
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz» шоу
20.00 «Главные новости»
20.30 «Парламент онлайн»
20.50 «Поле чудес»
22.05 «Минус один»
01.35 «Новости»
01.50 «Жаңалықтар»
02.05 «П@утина»
02.50 «Басты жаңалықтар»
03.15 «Той базар»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Қыл үстіндегі тағдыр-2»
09.10 «Вечерние новости»
09.50 «Вскрытие покажет»
12.00 «Спасти Веру»
14.20 «Сашка»
17.20 «Реальная мистика»
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 Вечерние Новости
21.40 «Всем ветрам назло»
01.30 «Маруся»
02.15 «Өткен күндер-1»
05.20 «Дау-дамайсыз»
06.05 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Біз жанбасақ»
11.40 «Әсем әуен»
12.00 «19 регион»
12.30 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Шыңыраудан шыңға»
14.15 «Жетісу әуендері»
14.30 «Ащы да болса...»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.45 «Шіркін-ай»
18.00 «Айтыс»
18.15 «Жетісу әуендері»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Ойлан»
19.30 «Абадан»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Менің балалық шағым»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 «Әзіл студио»
06.30 «31 әзіл»
06.50 «Информбюро»
08.00 «Буба»
09.00 «Команда Мстители»
09.30 «Құйынды мекен»
11.00 «Әзіл студио»
11.30 «Джуманджи»
13.40 «Копы в глубоком запасе»
16.10 «Перевозчик»
18.10 «Перевозчик-2»
20.00 Информбюро
21.00 «Обитель зла.Апокалипсис.»
22.50 «Құйынды мекен»
01.20 «31 әзіл»
02.00 «Келіндер бәйгесі»
02.40 «Тайм вайн»
03.00 «Тик ток»шоу
03.20 What 's up?
04.00 «Әзіл студио»
04.20 1001 Әзіл
04.30 «BALA BATLLE»
05.00 What 's up?
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00,05.45 Әнұран
06.02 «Бастық боламын»
07.10,17.00,18.20 «Абысындар-2»
09.10,01.05 Жаңалықтар
09.30,01.25 Новости
10.00,20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.00,21.00 «Бесценное время»
12.55 «В плену у прошлого»
15.00 «Брак по завещанию-3»
16.00 «Орел и Решка»
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
22.40 «Сезім үшін»
23.30 «Қайырлы кеш,Қазақстан!»
01.55 «Тойхана»
02.45 Жайдарман
03.35 Жеңіп көр
04.55 «Қуырдақ»
05.50 Үзіліс

Сенбі - Суббота, 1 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

«Хабар» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

АСТАНА

07.00 «Шаншар»
09.00,21.00 «Қолымнан ұста»
10.40 ҚХА 30жылдығына арналған деректі фильм
11.10 Концерт Юлдуз Усманова
13.10 «Коко-Жанбо»
15.15 «Донор»
17.40 «Бажа»
20.00 «Sapartimes»
22.20 «Адасқан сезім»
23.10 «Осман-2»
01.10 «Семьянин»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той Базар»
07.35 «П@утина»
09.00 «Qаймақ»
09.35 «Поехали»
10.25 «Непридуманное убийство»
13.40 «Скажи мне правду»
17.20 «Сердечная недостаточность»
19.00 «Koremiz»шоу
20.00 «Асау жаңалықтар»
20.30 «Заң мен ел»
20.55 «Первый номер»
00.40 «Вор»
02.15«П@утина»
03.00 Той базар

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 Мерекелік концерт
07.15 «Закира»
08.10 «Өнерлі отбасы»
09.20 Вечерние новости
10.00 «Всем ветрам назло»
14.00 «Реальная мистика»
17.00 «Алдараспан»
21.00 «Дом на краю радуги»
01.00 «Маруся»
02.40 «Өткен күндер-1»
04.00 «Бір сүйдің құны»
05.35 «Өнерлі отбасы»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Менің балалық шағым»
11.40 «Жетісу әуендері»
12.00 «Біздің өңір»
12.30 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 М/ф «Киелі Қазығұрт»
14.30 «Абадан»
14.45 «Әсем әуен»
15.00 «Аман болайық»
15.45 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.35 «Тарихнама»
17.40 «Өзбек құда»
18.00 «Ділмар»
18.40 «Келіп көр»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.40 «Менің анам»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00 «Time Vine»
07.30 «TIK TOK show»
08.00 «Буба»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Алдараспан»
12.30 «Сәлем,Европа!»
14.40 «Младенец на прогулке»
16.50 «Ледниковый период»
18.40 «Ученик Чародея»
20.40 «Железный человек-2»
23.10 «Хэнкок»
01.00 «Bizdin show»
02.30 «Time Vine»
03.10 «31 әзіл »
04.20 Тик ток шоу
04.40 «Әзіл студио»
05.00 «1001 әзіл»
05.10 BALA BATTLE
05.30 What's up?

7 КАНАЛ

06.02 «Бастық боламын»
07.00,18.00 «Абысындар-2»
09.00 ЮМОР!ЮМОР!ЮМОР!
10.00 «Великолепный век. Хюррем»
12.30,21.00 «Бесценное время»
14.10 «Клуб обманутых жён»
20.00 «Маска.Жалмауыз кемпір»
22.40 «Сезім үшін»
23.30 «Орел и Решка»
00.30 «Динара Сатжан»
01.30 «Келесі кім?»
02.00 «Тойхана»
02.50 Жайдарман
03.40 «Жеңіп көр»
04.40 «Қуырдақ»
05.52 «Үзіліс»

Жексенбі - Воскресенье, 2 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

«Хабар» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

АСТАНА

07.00 «Шаншар»
09.00,21.00 «Қолымнан ұста»
10.40 «Слепой закон»
14.10 «Шымкент-шоу»
16.35 «Идеалистка»
22.20 «Адасқан сезім»
23.20 «Осман-2»
01.10 «5 причин не влюбиться казаха»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
08.05 «Паутина»
09.00 «Воскресные беседы»
09.10 «Моя ужасная сестра»
10.35 «Победный ветер,ясный день»
14.50 «Любовь матери»
18.25 «О чем молчат девушки»
20.00 «Аналитика»
20.45 «Первый номер»
00.40 «Фантастика»
02.20 «Паутина»
03.05 «Той базар»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «Мерекелік концерт»
07.15 «Алдараспан»
09.30 «Дом на краю радуги»
13.30 «Өмір сынақ»
17.00 «Мақпал Жүнісова 60 жас мерей тойы»
20.00 «Кел,шырқайық!»
21.00 «Әнім сен едің»
22.00 «Портрет недели»
23.00 «Роза прощальных ветров»
01.00 «Здраствуй,Дедушка Мороз»
02.30 «Өткен күндер-1»
05.00 «Кел шырқайық!»
05.55 «Мақпал Жүнісова 60 жас мерей тойы»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 «Домбыра»
11.40 «Менің анам»
12.00 «Ділмар»
12.45 «Шашу»
13.30 «Келіп көр»
13.45 «Ұлт ұяты»
14.25 «Мақсатына жеткендер»
15.00 «Шаңырақ»
15.55 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.35 «Тарихнама»
17.40 «Нұрлы жолда»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Абадан»
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
19.50 «Тарихнама»
20.00 К/ф «Бір үйдің баласындай»
21.05 «Әсем әуен»
22.00 «Шіркін-ай»
23.05 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00 «Time Vine»
07.30 «TIK TOK show»
08.00 «Буба»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Телебинго»
10.25 «Младенец на прогулке»
12.30 «Ледниковый период»
14.20 «Ученик Чародея»
16.50 «Железный человек-2»
19.20 «Индиана Джонс и Королевство хрустального черепа»
21.50 «Охотники за приведениями»
00.10 «Обитель зла.Апокалипсис»
01.40 «31 әзіл»
02.20 «Күліп all»
02.50 «Тик ток» шоу
03.20 Тайм вайн
03.50 1001 әзіл
04.00 BALA BATTLE
04.30 What's up?
05.00 «Әзіл студио»
05.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00,05.50 Әнұран
06.02 «Q-елі»
07.00,17.00 «Абысындар-2»
09.00 ЮМОР!ЮМОР!ЮМОР!
10.00 «Великолепный век. Хюррем»
12.30,21.00 «Бесценное время»
14.10 «Двенадцать месяцев»
19.00 «Таптым-ау сені»
22.40 «Сезім үшін»
23.30 «Әйгерім Сейфолланың сырласуы»
00.30 «Әзіл әлемі»
01.50 «Тойхана»
02.40 Жайдарман
03.40 «Жеңіп көр»
04.40 «Қуырдақ»
05.52 «Үзіліс»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АРМАН ШАҚҚАЛИЕВ.

САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРІН ЖҰРТ ҚАЗІР ОСЫЛАЙ АТАЙ БАСТАДЫ. СЕБЕБІ БЕЛГІЛІ, ЕЛ АУМАҒЫНЫҢ БІРІҢҒАЙ УАҚЫТ БЕЛДЕУІНЕ ӨТУІНЕ ҚАТЫСТЫ ҮКІМЕТ ҰСТАНЫМЫН АРМАН ШАҚҚАЛИЕВ ЖАНЫН САЛА ҚОРҒАП ЖҮР.

А.Шаққалиев. Фото: ғаламтордан

Бұл өзгеріске наразылар арасында министрді «Сағат тілінің әміршісі» немесе «сағатшы» деп атайықшы дейтіндер де бар. Бірақ біз Шаққалиевтің қазақшадан гөрі орысшаға жүйрік екенін ескердік. Сондай-ақ, Еуразиялық одақ шеңберіндегі елдерге де түсінікті болсын деген ниетпен «Часовщик» күйінде қалдырғанды жөн санадық. Ал неге Еуразиялық одақ, неге дүние жүзі емес? Мұны әңгімеміздің ретіне қарай, сәлден кейін түсіндіреміз.

БАЛҚАШТАН ШЫҚҚАН БАЛА

Арман Шаққалиев 1977 жылы Балқашта туған. Мектепті үздік оқыған.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетін, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін, М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университетін бітірген. Еңбек жолын 1998 жылы Астана және Ақмола облысы бойынша «Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату агенттігі» ашық акционерлік қоғамында заң кеңесшісі болып бастаған. 2001-2004 жылдар аралығында ҚР Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату агенттігінде, Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттігінде, Мемлекеттік кірістер министрлігінде басшылық лауазымдарда жұмыс істеген. 2004-2006 жылдары «Қазақстан метрология институты» РМК директоры, 2006-2007 жылдары Мемлекеттік кірістер министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті төрағасының орынбасары. Қысқасы, Арман Шаққалиев үздіксіз дамып, үнемі көтеріліп отырған. Департамент директоры, комитет төрағасы, вице-министр...

Сонда үш университет бітірген талапты жігіт мұндай биікке өзі жетті ме, әлде «жетектейтін көкесі» бар ма? Бұл сұрақтың жауабын Руслан Шаекиннің Ютуб арнасына берген сұхбатында Арман Шаққалиевтің өзі айтады: «Достарым сұрайды, Балқаштан шығып министр болуға бола ма? - дейді. Тіпті таң қалады. Өйткені Қазақстанда үлкен қызметке жету үшін міндетті түрде «мойны жуан көкең» немесе «жетектейтін ағашкаң» болуы керек деген түсінік қалыптасқан. Бірақ шын мәнінде олай емес, менің мысалымда басқаша. Мен Балқашта дәрігерлер отбасында өмірге келдім... Қарапайым ортадан шықтым... Бәріне өз күшіммен жеттім». Дегенмен NEGE порталы кез-келген шенеуніктің айтқан сөзі мен берген уәдесіне сын көзбен қарап, зерттеу жүргізетінін оқырман жақсы білуі тиіс.

МИНИСТРГЕ «НҰРБАНКТІҢ» ҚАНДАЙ ҚАТЫСЫ БАР?

Арман Шаққалиев Сауда және интеграция министрлігінің тізгінін ұстағанда, «Shishkin_like ютуб» арнасы 7,5 минуттық бір қызық дүние жариялаған. Дмитрий Шишкин – «Большая газета», «Литер», кейінірек «Власть» және «Ратель» басылымдарына қалам тартқан орыс тілді оқырмандарға жақсы таныс журналист.

«Арман Шаққалиевтің қаржы саласындағы бас айналдырарлық карьерасын әпкесі – Гүлнара Мұсатаева жасады», – дейді Шишкин осы бейнежазбасында. Журналист Гүлнара Мұсатаевамен тоқтап қалмайды, жездесі Әнуар Мұсатаевтың, жиендері Зарема мен Айдос Мұсатаевтардың, сондай-ақ, министрдің тағы бір әпкесі Гүлмира Шаққалиеваның немен айналысатынын, қандай компанияларға иелік ететіндерін, қанша табыс тауып, қанша салық төлегендерін жіпке тізіп шығады. Алайда біз оның бәріне тоқталмай-ақ, «Гүлнара Мұсатаева кім?» деген сұраққа жауап берейік.

Гүлнара Абайқызы – 2021 жылдан бері «Нұрбанк» АҚ басқарма төрағасы. Бірақ бұл Мұсатаева атылмыш банкке осы жылы келді деген сөз емес. Ұлттық банкте, Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінде жауапты қызметтер атқарған Гүлнара Мұсатаева «Нұрбанкке» 2011 жылы келді. Бұл банктың әу баста Рахат пен Дариғанікі болғаны белгілі. «Нұрбанктің» екі менеджері – Жолдас Темірәлиев пен Айбар Хасенов өлімінің құпиясы ашылғаннан кейін банктің басынан аумалы-төкпелі замандар өтті. 2010 жылы Дариға мен Нұрали Әлиев банктың 70 пайыздан астам акциясын Софья Сәрсеноваға сатты. Осылайша «Нұрбанк» Сәрсеновтер отбасының иелігіне 2011 жылы толық өтті дейді білетіндер.

Ал Сәрсеновтер деген кімдер? 2024 жылдың есебі бойынша Forbes Kazakhstan жариялаған 75 байдың ішінде Сәрсеновтер отбасы 970

Г.Мұсатаева. Фото: ғаламтордан

миллион доллармен 9-орында тұр. Ал Гүлнара Мұсатаева – 2011-2020 аралығында «Нұрбанктың» атқарушы директоры, 2020 жылы Басқарма төрағасының орынбасары, 2021 жылдан бастап Басқарма төрағасы.

Білдей банкті басқару – оңай-оспақ шаруа емес. Оның үстіне, 1967 жылы туған Гүлнара Абайқызы

А.Шаққалиев. Фото: ғаламтордан

жауапты қызметтерде жүргенде Арман Шаққалиев әлі бала еді. Шишкиннің шекеден шерткендей қылып айтқан жоғарыдағы сөзі осыны меңзегені болса керек.

Фото: Коллаж NEGE

«ЕУРАЗИЯЛЫҚ ОДАҚҚА ЕҢБЕГІ СІҢГЕН»

Арман Шаққалиев қайда жүрсе де, алдынан шыға беретін бір сауал бар. Қаңтар айының ортасында ғана өткен Үкімет отырысының қортындысына қатысты баспасөз конференциясында журналистер министрді тағы да «ортаға» алды. Сұрақ былай: Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік баж салығынан түсетін табыс неге мардымсыз? Қазақстан әділетті үлесін қашан алады? Мұндай сұрақтың қойылуына еліміздің тек 6,99 пайыз үлес алып келе жатқаны себеп. Ал табыстың бәрін бауырына басып алуды әдетке айналдырған Ресейдікі – 85,1 пайыз. Оның үстіне, Украинаға басып кіріп, бүкіл әлемге сүйкімі кеткен Ресей санкцияның астында қалған соң, Еуразиялық одақ елдері арасындағы тауар айналымының тізбегі өзгерді. Тауар көшінің дені Қазақстан арқылы өтеді. Ендеше еліміз қашанға дейін өзгеге жем болуы керек?

Сауал өте орынды әрімаңызды. Ал министрдің жауабы қандай болды? Арман Шаққалиевтің айтуынша, Қазақстан тарапы бұл мәселе бойынша ұсыныс енгізіп жатқанға ұқсайды. Алайда ел күткендей 15-20 пайыздық үлес емес, бір методология бойынша 8, келесі методология бойынша 8,5 пайыздық үлес. Яғни, Қазақстанның мүддесін қорғауы тиіс Шаққалиевтер енді болмашы үлес үшін күреседі, бұйырса. Оның өзін ала қоюы

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

"ЧАСОВЩИК"

неғайбыл. Өйткені бұл ұсынысты тізеге басып үйренген жалғыз Ресей емес, одаққа мүше өзге елдер де қолдауы керек.

Жоғарыда бұл сұрақ Шаққалиевтің алдынан шыға береді дедік. Неге? Себебі Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа 2015 жылы қол қойылса, Арман Шаққалиев 2016-2018 жылдары Еуразиялық экономикалық комиссияның Техникалық реттеу және аккредиттеу департаментінің директоры болған. Демек, кімнің неге ие болатынын «реттескен» адамның бірі. Мұны аз десеңіз, «Еуразиялық экономикалық одақтың дамуына қосқан үлесі үшін» медалінің иегері (2019 жыл).

Бұл төсбелгіні Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес береді. Яғни, Арман Шаққалиев одақтың Жоғары кеңесіне жаққан шенеунік. Ендеше осы жағымдылығын мемлекеттің мүддесі үшін пайдаланбағанда, енді не үшін пайдалануы керек?! Пайдаланам, соған жанымды салам десе, қазір оған жақсы бір мүмкіндік бар. 2015 жылы Еуразиялық одақ туралы шартқа қол қойылғанда, «Бұл саяси блок емес, тек экономикалық одақ» деп жақауратқан сол кездегі Қазақстан премьер-министрінің орынбасары Бақытжан Сағынтаев қазір Еуразиялық экономикалық комиссияның Алқа төрағасы. Қаңтардан кейін көрінбей кеткен Сағынтаев 2024 жылдан бері АЭК төрінде, бұйырса, 2028 жылға дейін басқарады. Міне, «өз күшіммен министр болдым» дейтін Шаққалиев мемлекет мүддесі үшін ағашкасының «күшін» пайдаланам десе, оның еш айыбы жоқ. Екеуінің де қолынан түк келмесе, алған медальдың құны көк тиын, өздерінің беделі де жоққа тән деген сөз.

МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫРТҚАСЫ

Арман Шаққалиевтің азық-түліктің бағасына қатысты айтқан уәждері әрқилы шығып жатады. Оның кейбірі тіпті кісінің күлкісін келтіреді. Мәселен өткен жылдың басында нарықтағы жұмыртқа бағасы аспандап шыға келген. Сонда министр не деді? Былай деді: «Маусымдық өсім барын жасырмаймыз. Әлеуметтік маңызы бар тауарлар бойынша – айына 0,2% қымбатшылық. Пасха мерекесінен кейін жұмыртқа арзандай бастайды».

Министрге сеніп, мәз болып жүрген жұртшылық қарашада қайтадан қымбатшылыққа ұрынды. Базардағы шу-шұрқан жоғарыға да жетті. Бірақ Үкімет отырысынан кейінгі брифингте Арман Шаққалиев «Он жұмыртқаның бағасы 535 теңге» деп бетбақтырмай қойды. «Керек десеңіздер, осы бағада жұмыртқа сататын дүкеннің мекен-жайын беремін» деді. Астаналық әріптестеріміз супермаркеттерді түгендеп, 535 теңге тұратын жұмыртқаны еш жерден таба алмаған. «Шаққалиевтің жұмыртқасы қай жерде сатылады?» деп көше кезген қараша да үйлеріне бос қайтты.

Фото: ғаламтордан

Ең қызығы, сол брифингте Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов әріптесі Арман Шаққалиевтің сөзін түсіндіру үшін жұмыртқаның категориясын «түгендеуге» мәжбүр болған. Сөйтсек, тауық жұмыртқасының өзі С0, С1, С2 деген категорияларға бөлінеді екен. Жұрттың жаппай тұтынып жүрген жұмыртқасы – С0. Ол – кәдімгі, қалыпты жұмыртқа. Ал С1 дегеніңіз, балапан тауықтың алғашқы «туыты» секілді кішкентай бірдеңе. Міне, Шаққалиевтің 535 теңге деп жүргені осы екен...

Күні кеше елімізде картоп бағасы шарықтап шыға келді. Тіпті кейбір аймақтарда келісі 450-480 теңгеге дейін жетті. Үкімет дереу картоп экспортына 6 айға дейін шектеу қойды. Шаққалиев басқаратын министрлік делдалдарды кінәлады. Жыл басынан бері картоп саудасына қатысты 49 заңбұзушылық анықталғанын, осы дерек бойынша тиісті әкімшілік шаралар қабылданатыны мәлімдеді.

Картоп пен жұмыртқа бағасының аспандауының ықтимал бір себебі мынау: 2023 жылдың желтоқсан айында Сауда және интеграция министрлігінің мәліметіне сүйенген Үкімет 2024 жылдан бастап әлеуметтік маңызы бар 19 азық-түлік тізімінен 9 тауарды алып тастаймыз деді. Оның ішінде тұз, ұн, макарон, қарақұмық, күріш, нан, сүт және картоп пен тауық жұмыртқасы бар. Ал неге алып тастайды? Өйткені «отандық өндіріс ішкі нарықты 100 пайыз қамтамасыз етеді, сондықтан бұл тауарларға шекті баға енгізілмейді». Міне, осы әңгіме Арман Шаққалиев министрлік тізігінін ұстаған соң үш ай өте сала көтерілген. Бұл нені білдіреді? Әрине, министр Шаққалиевтің әлеуметтік маңызы бар тауарларды тап басып танып, ішкі нарық қажеттілігін шақтай алмайтынын білдіреді.

САҒАТТЫҢ ТІЛІНЕ ЖАРМАСЫП...

«Сағатшы» ныспысы Сауда және интеграция министріне қалай жабысты? Әрине, бірден айта кетейік, жаңа уақыт белдеуіне өту – Шаққалиевтің жеке-дара шешімі емес. «Арнайы құрылған ведомствоаралық жұмыс тобының есебінде көрсетілген ғылыми негізделген дәлелдерге сүйендік» деген Үкімет осындай ұйғарым жасады. Алайда UTC+5 сағат белдеуі еліміздің барлық аймағындағы жұртшылыққа ұнаған жоқ. Әсіресе, «түн ауса, әтеш шақырады» деп Шығыс өңір тұрғындарының шырпыры шықты. Мәжілістегі Шығыстың тумалары да сан рет тулап, дау көтерді. Уақытты есептеу жүйесіне қарағанда, Қазақстан төрт белдеуде жатыр. Қабылданған UTC+5 белдеуі елдің шығысы тұрмақ, батысындағы облыстарға да сәйкес келмейді. Алайда «Уақытты кері қайтару» талабымен жариялаған петицияға 50 мың адам қол қойса да, Сауда министрлігі оны қабылдамай тастады.

Фото: ғаламтордан

Міне, осы кезде Үкімет басшысы Олжас Бектенов «Сауда және Ақпарат министрліктеріне жан-жақты ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізуді тапсырамын», – деген. Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева «Алматыны Астанаға ауыстырған кезде де жұрттың 90 пайызы қарсы болды. Ал қазір қалай? Барлығымыз бас қаламызды сүйеміз» дей салды. Жалпы, түсіндіруге келгенде, Арман Шаққалиевке ешкім шақ келмейтіні байқалды. Өйткені ол жұрттың «жанды жерінен» ұстады. «Көптеген ата-аналар мына жақсы жайтты атап өтеді. Уақыт ауысқалы балалардың ұйқысы қанады. Біз оларға таңғы уақытты бердік, көбірек ұйықтауға және жарық болған кезде мектепке баруға мүмкіндік бердік. Жақсы жағын да байқау керек».

Шаққалиевтің «түсіндіру жұмыстары» кейде шамадан асып кететінін де көз көрді. «Арнайы білімі жоқтар әлеуметтік желілерде өздерінің күнделікті қажеті үшін дауласып, жеке гипотезалар мен болжамдар жасайды. Сонымен бірге азаматтардың экономикасы мен денсаулығына ұзақ мерзімді келеңсіз салдарлар әкелетінін түсінбейді»,–дейді министртағы бірде. Бұл не деген сөз? Жаңа уақыт белдеуіне қарсылардың бәрі ештеңе түсінбейді деген сөз. Бұл қияндағы қиналған халықты былай қойғанда, жаңағы петицияға қол қойған 50 мың адамды қорлау емегенде не?

Ең қызығы, Арман Шаққалиев «Уақыт кері қайтарылмайды», «Уақыт белдеуі өзгермейді» дегенді жиі айтып жүр. Бірақ бұған қатысты зерттеу әлі біткен жоқ. Бірыңғай уақыт белдеуінің пайда-зиянын анықтайтын ғылыми-зерттеу 2025 жылдың наурыз айында аяқталуы тиіс. Сонда Арман Шаққалиев оның қортындысын алдын ала біліп отыр ма? Біліп отырғанның өзінде, кеше енген жаңалықтың ертең өзгермейтініне қандай кепілдік бар? Қазақстанда өзгермейтін, құламайтын, шірімейтін, тозбайтын не қалды өзі?!

Қысқасы, бір замандарда уақыт белдеуі қайта өзгеріп жатса, «Шаққалиевтің айтқаны – бос шатпақ боп шықты» деуімізге тура келеді. Ал егер шынымен өзгермесе ше? Онда Шаққалиев ештеңе жоғалтпайды, жұрт есінде «часовщик» ныспысымен қала береді.

Автор: Сансызбай Нұрбаба.
NEGE mebia

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ РК

К.К.ТОКАЕВ ПРИНЯЛ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ ВЕРХОВНОГО СУДА

ПРЕЗИДЕНТ РК ТОКАЕВ ПРИНЯЛ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ ВЕРХОВНОГО СУДА АСЛАМБЕКА МЕРГАЛИЕВА. ГЛАВА ГОСУДАРСТВА КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ БЫЛ ПРОИНФОРМИРОВАН ОБ ИТОГАХ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ ЗА 2024 ГОД, СООБЩАЕТ ИА EL.KZ СО ССЫЛКОЙ НА ПРЕСС-СЛУЖБУ АКОРДЫ.

Как сообщил АсламбекМергалиев, приоритетами работы судов являются защита прав, свобод и законных интересов граждан и предпринимателей, обеспечение верховенства закона.

Президенту было доложено, что растет число рассмотренных дел и материалов, при этом достигнут самый высокий за последние 5 лет показатель качества отправления правосудия (98,9% судебных актов местных судов признаны законными и обоснованными).

Увеличивается доля примирительных процедур по гражданским и административным делам. Благодаря расширению подсудности вдвое выросло число дел, рассмотренных с участием присяжных заседателей (с 147 до 261).

Председатель Верховного суда рассказал о внедрении технологий искусственного интеллекта, которые способствуют формированию единообразной судебной практики и существенно облегчают работу судей (с применением роботизации рассмотрена треть дел и материалов — 665 тыс. из 2 млн).

АсламбекМергалиев также проинформировал о создании кассационных судов, законодательных инициативах, направленных на усиление независимости судей и расширение сферы административной юстиции.

Глава государства отметил важность обеспечения верховенства закона и повышения доверия к правосудию.

СОЦИАЛЬНОЕ ЗЛО

ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ НЕТЕРПИМОСТИ К КОРРУПЦИИ

Не секрет, что сегодня коррупция превратилась в проблему национальной безопасности, в одно из главных препятствий для развития страны. Сложившаяся ситуация усугубляется ещё и сформировавшимся в Казахстане общественно-политическим феноменом, получившим название "дефицит доверия".

Так, по результатам исследований разных социологических центров уровень доверия общества практически ко всем политическим и государственным институтам является устойчиво низким. Для улучшения работы в этом направлении в 2022-м – указом президента РК Касым-Жомарта Токаева была утверждена Концепция антикоррупционной политики на 2022–2026 годы. В документе отмечается, что в борьбу с коррупцией активно вовлекается гражданское общество – через антикоррупционное просвещение и создание атмосферы нулевой терпимости к любым её проявлениям. При этом образуется парадокс: некоторые казахстанцы по-прежнему предпочитают откупиться от неприятной ситуации деньгами, тем самым только усугубляя ситуацию с коррупцией в стране.

В частности, в Концепции по вопросу формирования нетерпимости к коррупции указаны, что честность, законность и прагматизм должны стать внутренними ценностными убеждениями каждого. Общество не должно воспринимать коррупцию как гарант упрощенного решения проблем, совмещать дружеские отношения и протекционизм с работой. Коррупционеры должны подвергаться общественному порицанию. Выбор человека совершать или не совершать коррупционное деяние не должен сопоставляться с тяжестью наказания и ожидаемыми выгодами от совершения преступления.

Принятие комплекса коммуникационных мер с декомпозицией на уровне различных целевых групп сыграет ключевую роль в антикоррупционной эволюции общественного сознания. Необходимо развивать точечное информирование граждан об их правах с разъяснением правовых актов понятным языком, кратко, а также с применением цифровых решений, в том числе автоматизированных сообщений по определенным жизненным ситуациям и юридическим фактам.Масштабная разъяснительная работа позволит защитить граждан от необходимости поиска незаконных способов решения вопросов.Принципиально важную роль при формировании системы добропорядочности играет воспитание молодого поколения с новыми взглядами и жизненными принципами, не допускающими коррупционные проявления.Фундаментальный фактор успеха заключается в привитии антикоррупционных ценностей на всех этапах становления личности.В этом аспекте необходимо развивать антикоррупционное поведение через институт семьи, в том числе используя потенциал Ассамблеи народа Казахстана.

Марсель КАРИМОВ,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского специализированного межрайонного суда по административным правонарушениям.

ЗДОРОВЬЕ

ЗА 13 ЛЕТ ПОДАРИЛИ ЗРЕНИЕ 1184 НОВОРОЖДЕННЫМ

Как передает пресс-служба Научного центра педиатрии и детской хирургии,с 2012года отделение неонатологии НЦПДХ принимает недоношенных детей с диагнозом Ретинопатия недоношенных на лазерокоагуляцию сетчатки. Зачастую эти детки кроме диагноза ретинопатия имеют ряд фоновых заболеваний, таких тяжелых как бронхолегочная дисплазия, пневмония, нарушение усвоения питания и другие фоновые состояния, которые требует совместного лечения неонатологов и офтальмологов, для успешного исхода выздоровления. Совместно с офтальмогами работает команда неонатологов и анестезиологов-реаниматологов и рядузких специалистов.

«Ретинопатия недоношенных (РН) -тяжелая патология органа зрения у детей, родившихся раньше положенного срока.Заболевание формируется под воздействием целого ряда факторов, которые нарушают правильное созревание сосудов сетчатки, что в ряде случаев приводит к ее отслойке и слепоте», поясняет врач офтальмолог, лазерный хирург Сабина Смагулова.

Указанная патология имеет следующие факторы:

1. Гестационный возраст, масса тела
2. Антенатальные факторы (гестоз у матери во время беременности, отслойка плаценты, массивные кровотечения в родах, кесарево сечение, острые инфекции и обострение хронических заболеваний)
3. Тяжелая асфиксия
4. Длительность пребывания на ИВЛ.

У данной патологии есть скрининг осмотра согласно протоколу.

«В Научном центре педиатрии и детской хирургии, диагностику РН начали в 2010-2011гг, но активный скрининг начался 2011-2012 после приобретения оборудования (непрямого бинокулярного офтальмоскопа) для диагностики РН, далее совместно с КазНИИ глазных болезней в лице офтальмолога к.м.нШариповойАсельУсенбаевны, на базе НЦПДХ внедрено проведение оперативного вмешательства при данной патологии – транспупиллярнаялазеркоагуляция аваскулярных зон сетчатки.В год в Научный центр педиатрии и детской хирургии поступают более 180 детей с разных регионов РК.Первая операция в НЦПДХ была проведена 16 февраля 2012года. В 2012году количество проведенной операции было 52. За 13 лет мы подарили зрение 1184новорожденным детям», - отметила офтольмолог НЦПДХ Елена Тян.

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА

ҰОК 2026 ЖЫЛҒЫ АҚ ОЛИМПИАДАҒА РЕСМИ ШАҚЫРТУ АЛДЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЛИМПИАДАЛЫҚ КОМИТЕТІ 2026 ЖЫЛЫ ИТАЛИЯНЫҢ МИЛАН ЖӘНЕ КОРТИНА-Д'АМПЕЦЦО ҚАЛАЛАРЫНДА ӨТЕТІН ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНА РЕСМИ ШАҚЫРТУ АЛДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ZAKON.KZ.

Ресми хат Халықаралық Олимпиадалық комитеті (ХОК) тарапынан жіберілді. Бұл – елдің төрт жылдықтың басты қысқы спорттық жарысына қатысуын растайтын дәстүрлі рәсім.

Қазақстандық спортшылар қысқы Олимпиада ойындарына 1994 жылдан бері қатысып келеді. Сол уақыттан бері біздің атлеттер жалпы сегіз медаль жеңіп алды: бір алтын, үш күміс және төрт қола.

Айта кетейік, 2026 жылғы Олимпиада ойындары 6-22 ақпан аралығында өтеді.

БОКС

WORLD BOXING ҰЙЫМЫ 2025 ЖЫЛДЫҢ РЕСМИ ЖАРЫС КҮНТІЗБЕСІН ЖАРИЯЛАДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ZAKON.KZ.

ӘЛЕМ КУБОГЫНЫҢ КЕЗЕҢІ ҚАЗАҚСТАНДА ӨТЕДІ



Күнтізбе бойынша 2025 жылғы Әлем кубогының екінші кезеңі Қазақстанда ұйымдастырылады. Турнир 30 маусым мен 7 шілде аралығында өтеді.

Бокстан Әлем кубогы – ерлер мен әйелдер арасындағы үздік боксшылар рейтингтік ұпайларды сарапқа салатын, бірнеше кезеңнен тұратын турнир сериясы.

Сондай-ақ, биыл жыл бойы үш кезең өткізіліп, қараша айында финалдық бәсекелер орын алмақ.

Ал, 2025 жылғы әлем чемпионаты 4-14 қыркүйек аралығында Ұлыбританияда өтетіні белгілі болды.

НЫСАНА КӨЗДЕУ

АЗИЯ КУБОГЫНДА 2 АЛТЫН АЛДЫ

ТАЙЛАНД АСТАНАСЫ БАНГКОКТА ӨТІП ЖАТҚАН АЗИЯ КУБОГЫНДА НЫСАНА КӨЗДЕУДЕН ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ 3 ЖҮЛДЕ ЖЕҢІП АЛДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ STAN.KZ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ ХАБАРЛАЙДЫ.

Жекелей сында Юрий Юрков алтын жүлдені ұтты. Дәл осы бәсекеде Никита Шахторин қола жүлдені еншіледі.

Сондай-ақ, командалық сайыста Қазақстан құрамасы чемпион атанды. Бұл бәсекеде ел намысын Константин Малиновский, Юрий Юрков пен Никита Шахторин қорғады.

Бұған дейін, қазақстандық спортшылар Тайландта өтіп жатқан бәсекеде 5 алтын, 6 күміс, 3 қола медаль жеңіп алған еді. Әзірге Қазақстан құрамасы жүлде саны бойынша жалпы есепте 1-орында тұр.

ФУТБОЛ

ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ 1 НАУРЫЗ КҮНІ БАСТАЛАДЫ

ФУТБОЛДАН 2025 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КҮНТІЗБЕСІ ЖАРИЯЛАНДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ "ҚАЗАҚПАРАТ".

Биыл доп додасына барлығы 14 команда қатысады. Олардың қатарында "Қайрат" (Алматы), "Астана", "Ақтөбе", "Ордабасы" (Шымкент), "Тобыл" (Қостанай), "Елімай" (Семей), "Атырау","Тұран", "Қайсар" (Қызылорда), "Қызылжар" (Петропавл), "Жеңіс" (Астана), "Жетісу" (Талдықорған), "Оқжетпес" (Көкшетау), "Ұлытау" (Жезқазған) командалары бар.

Алғашқы тур 1-2 наурыз күндері өтеді. Бұл турда "Қызылжар" мен "Жетісу", "Астана" мен "Қайрат", "Ордабасы" мен "Ақтөбе", "Тұран" мен "Оқжетпес", "Атырау" мен "Елімай", "Қайсар" мен "Жеңіс", "Тобыл" мен "Ұлытау" кездеседі. Соңғы тур ойындары 26 қазанға белгіленген.

Биыл елімізде футбол шымылдығын Қазақстан суперкубогындағы "Ақтөбе" мен "Қайрат" ойыны ашады. Бұл кездесу "Астана-Арена" стадионында өтеді.

Былтыр Қазақстан чемпионатында алматылық "Қайрат" бас жүлдені жеңіп алса, "Астана" екінші, "Ордабасы" үшінші орыналды. Қазақстан кубогына "Ақтөбе" командасы қол жеткізді.

ХОККЕЙ

ЖІГІТТЕРІМІЗ БЕСІНШІ МӘРТЕ АЗИАДА ЖЕҢІМПАЗЫ

ҚЫТАЙДЫҢ ХАРБИН ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ҚЫСҚЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ АЯСЫНДА ЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ХОККЕЙ ТУРНИРІНДЕ БІЗДІҢ ХОККЕЙШІ ЖІГІТТЕР БАРЛЫҚ КЕЗДЕСУЛЕРІН ЖЕҢІСПЕН АЯҚТАП, ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ZAKON.KZ.

"Алтын" үшін ақтық ойында Қазақстан құрамасы Жапония командасымен бәсекеге түсіп, 5:0 есебімен ойсырата жеңді. Жапондықтардың қақпасына шайбаларды Андрей Буялский, Дмитрий Бреус, Роман Старченко және Кирилл Панюков (екі рет) соқты.

Азия ойындары тарихында бұл біздің хоккейшілеріміздің бесінші жеңісі. Бұған дейін Қазақстан құрамасы кубокты 1996, 1999, 2011 және 2017 жылдары жеңіп алған болатын.

Ал, хоккейден әйелдер құрамасы да табысты өнер көрсетіп, Азия ойындарының күміс жүлдегері атанды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

Сантехникалық жұмыстар жасаймын.
Тел: 8 747 388 83 66

Сантехникалық жұмыстар жасаймын.
Тел: 8 705 726 99 18

Жүк жеткізіп береміз, эвакуатор да бар. Қала іші мен қалааралық бағыттарға барамыз.
Тел: 8 705 555 96 31

Заказ қабылдаймын
Бауырсақ, тоқаш, самса, чебурек т.б.
Тел: 8 747 807 37 84

Делаем черновой левкас, Леонардо, шёлк. Быстро и качественно. Тел: 8 708 551 20 83

Навесы козырьки жасаймыз.
Тел.: 8 771 470 25 54

ДЕЗИНФЕКЦИЯ ҚЫЗМЕТІ

Адамдар мен Үй жануарлары үшін қауіпсіз тек сертификатталған дезинфекциялық құралдар

Дезинфекциялық жұмыстарды заманауи және қуатты, жоғары сапалы құралмен жүргізу. Тарақандар мен құмырсқалардан, бүргелерден және т.б. жәндіктерді 100% иіссіз, кәсіби және қауіпсіз жою.

20-60 минут ішінде барамыз

24/7 жұмыс істейміз.

1 айға дейін кепілдік және жеңілдіктер де бар.

Тел: 8 702 668 88 90



Тарату аумағы: *Қазақстан Республикасы*

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Құрылтайшы: Ырым КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Талшын ИЕМБЕРДИЕВА – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші
Зарина БЫЖЫБЕК – корректор-журналист

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 200
Индекс 15534